



ЛИТЕРАТУРА

КАЗАХСКАЯ И МИРОВАЯ




ӘДЕБИЕТІ

КАЗАК ЖӘНЕ ӘЛЕМ

2010

3

№



**«БІЛІМ LTD»
және «СӘТНАЗ»
ЖШС-нен шығатын
басылымдарға
жазылыңыздар!**

ӘЛЕМ

, БІЛІҢІЗ!

«Қазақ және әлем әдебиеті – Казахская и мировая литература»



Құрметті оқырман қауым!
«Қазақ тілі – Казахский язык»,
«Бухгалтерлер мектебі –
Школа бухгалтеров»,
«Физика және астрономия –
Физика и астрономия»
журналына 2010 жылға жазылыңыздар!

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Ұсынылған материалдар компьютерде Times New Roman (Windows XP) шрифтісімен терілуі тиіс. 3х5 дюймалық көлемдегі дискетке материал текстің жазып жіберуге болады. Көлемі 4-6 бет шамасында болуы тиіс. Фотосурет 12х15 см, 2 данадан болуы керек. Жіберілген материал сонында автор туралы нақты әрі толық мәлімет болуы қажет. Материалдарды көрсетілген мекен-жайға, яғни редакция тұрағына бағалы хатпен жіберген дұрыс.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Предоставляемые материалы должны быть набраны и отпечатаны в виде принтерных распечаток шрифтом Times New Roman (Windows XP), на дискете 3,5 дюйма с текстом статьи. Объем не более 4-6 страниц. Фотография 12х15 см, четкая (2 экз.). Точные, полные данные об авторе и подпись в конце статьи. Материалы отправлять заказным письмом по адресу г.Алматы, пр.Райымбека, 162, оф. 44-46.

Набор, дизайн полос и обложки, верстка
издавательский центр ТОО «Білім LTD»

Журнал зарегистрирован
в Министерстве культуры, информации
и общественного согласия Республики Казахстан.
Свидетельство N 3849-ж от 06.05.2003 г., г. Астана

Подписной индекс: 75566

Подписано в печать 02.06.2010 г.

Формат 60х84 1/8

Уч. изд. п.л. 3,0.

Печать офсетная.

Тираж 1500 экз.

Учредитель:

ТОО «Білім LTD»

Адрес: 050016, г. Алматы,

пр. Райымбека, 162,

4-этаж, офис 44-46.

факс: (327) 233-69-38

тел.: (327) 279-61-48, 233-69-46

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Сейіт Қасқабасов – ҚР БЖҒМ, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның академигі.

Қуандық Мәшһүр Жүсіп – С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіндегі қазақ әдебиеті кафедрасының Құрметті меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Бауыржан Омаров – ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат және мұрағат комитетінің төрағасы, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Байзақ Момынбаев – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Шәкір Ыбыраев – Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің ректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Бейбіт Мамыраев – Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Ерлан Сыдықов – Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор.

Қансейіт Әбдезұлы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Жоғары мектептер ҒА-ның академигі.

Дандай Ысқақұлы – Сүлейман Демирел атындағы қазақ-түрік университетінің проректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Гуманитарлық ҒА-ның академигі.

Құлбек Ерғөбек – Қожа Ахмет Яссауи атындағы Түркістан халықаралық қазақ-түрік университетінің вице-президенті, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Дихан Қамзабекұлы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Қадыр Жүсіп – Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау мемлекеттік университетіндегі З.Қабдолов атындағы ғылыми-зерттеу орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Төкен Жұмажанова – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы.

Сәуле Әбішева – Абай атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі лингвистика және әдебиеттану кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Қанипа Бітібаева – КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР еңбек сіңірген мұғалімі, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласындағы №1 қазақ орта мектебінің мұғалімі.

Бекен Ыбырайым – Қазақтың мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетіндегі қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Сейфитден Сүтжанов – Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтындағы филология факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Мәуен Хамзин – Қарағанды «Болашақ» университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы.

Өмірхан Өбдимаңұлы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМҒА ТӨРАҒАЛЫҒЫ — ӘЛЕМ ӨРКЕНИЕТІНДЕГІ АБЫРОЙЛЫ ҚЫЗМЕТ

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланғаннан бері өткен он тоғыз жылдың ішінде мемлекетіміздің әлем өркениеті кеңістігіндегі беделі үздіксіз нығаюмен келеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының беделді мүшесі болып саналатын еліміздің 2010 жылы Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымына төрағалығы да мемлекетіміздің халықаралық дәрежедегі беделді қызметінің көрсеткіші болып отыр.

Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы – бірнеше құрлықтарда (Еуропа, Азия, Солтүстік Америка) орналасқан 56 елді біріктіретін халықаралық көп тарапты құрылым. Ұйымның құрылымындағы мемлекеттердің ортақ көзқарастары негізінде халықтардың өзара саяси-экономикалық, мәдени қарым-қатынастарын дамытуға, нығайтуға бағытталған кеңесулер өткізіледі, ортақ бағыттарға арналған шешімдердің қабылдануы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы ЕҚЫҰ-на 1992 жылы 30 қаңтарда қабылданды. Сол жылдың 8 шілдесінде ЕҚЫҰ-ның Хельсинки қорытынды актісіне, одан кейін қыркүйектің 23-інде жаңа Еуропа үшін Париж хартиясына қол қойылды.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланғанынан бастап планетамыздағы қуатты мемлекеттермен, көп тарапты ұйымдармен тығыз байланыстар орнатылды. ЕҚЫҰ-ның бағдарламасында жаңадан мүшелікке қосылған мемлекеттерге жан-жақты көмек көрсетуге айырықша маңыз берілген. Ұйымға мүше болғаннан бастап, еліміздің сыртқы саясат жұмыстарында мемлекеттермен көп тарапты әріптестік, экономикалық тұрақты байланыстар жүйесін дамыту қалыптастыру жолға қойылды. Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-ның құрамына кіргені халықтардың өзара сенімі мен қауіпсіздігін нығайтуға арналған жаңа ынтымақтастық ұстанымдарын дамытуға негіз болуда. Еліміз ЕҚЫҰ-ның бағдарламаларына сәйкес жұмыстарды тиянақты жүзеге асырып келеді. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ЕҚЫҰ-ның Хельсинкиде (1992 ж.), Будапештте (1994 ж.), Лиссабонда (1996 ж.) және Стамбулда (1999 ж.) өткен саммит жұмыстарына қатысты. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Лиссабон саммитінің пленарлық мәжілісінде төрағалықты атқарды. ЕҚЫҰ Министрлер Кеңесінің жыл сайын өткізілетін мәжілістеріне



Қанат САУДАБАЕВ,
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы –
Сыртқы істер министрі,
Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық
Ұйымының (ЕҚЫҰ) іс басындағы төрағасы

Қазақстан Республикасының сыртқы саясат жөніндегі басшысы өкілдік етіп келеді. ЕҚЫҰ басшылығының өкілдері 1992-1993 жылдардан бері жүйелі түрде Қазақстанға келіп жүр. Ұйым өкілдерінің Қазақстанмен тығыз қарым-қатынастар жұмыстарын ұйымдастыруы нәтижесінде мемлекетіміздің халықаралық беделі де күшейе түсті. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің ЕҚЫҰ Сыртқы істер министрлері Кеңесінің мәжілістеріне (1995 ж. Будапештте, 1997 ж. Копенгагенде, 1998 ж. Ослода) қатысып, Еуропадағы қауіпсіздікті, ынтымақтастықты, Қазақстанның даму жетістіктерін ортаға салуы да мемлекетіміздің өркениеттегі орнын танытуға пайдалы әсерін тигізді. Венада Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-дағы тұрақты өкілдігінің ашылуы (1995 ж.) сол қалада болған ЕҚЫҰ-ның Тұрақты кеңесінің мәжілісінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің баяндама жасағаны (1999 ж.), Алматыда (1999 ж.), одан кейін Астанада (2007 ж.) ЕҚЫҰ орталығының ашылғаны – мемлекетіміздің әлемдік өркениет кеңістігіндегі халықаралық қатынастар жүйесін кеңейте, нығайта түсті. Қазақстан Республи-

касында соңғы жылдары ЕҚЫҰ-ның бірқатар маңызды іс-шаралары өткізілді. Ұйым бағдарламасы бойынша ұйымдастырылған іс-шаралар жүйесінде мынадай мәселелер талқыланды: адам құқықтарының сақталуы, қарулы күштер туралы, мәдениетаралық, дінаралық және этникааралық түсіністіктер – толеранттық, қауіпсіздік сенімділігі және өмірлік ынтымақтастық, т.б. Осындай өзекті мәселелерге арналған конференциялардың, кеңестердің, семинарлардың Қазақстанда өткізілуіне және басқа елдерде болуына белсенді үлес қосу – мемлекетіміздің халықаралық қатынастар саласындағы ауқымды қызметі болып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1999 ж. Стамбул саммитінен бергі 10 жылдан кейін ЕҚЫҰ мемлекеттері басшыларының саммитін Қазақстанда, Астанада өткізу туралы ұсынысы Ұйымдағы жетекші елдер тарапынан зор қолдау тапты. Елбасымыздың бұл ұсынысын мемлекеттердің қолдауы 2009 жылдың 1-2 желтоқсан күндері Афинада өткен ЕҚЫҰ Сыртқы істер министрлері кеңесінің қорытынды декларациясында мақұлданды. 2010 жылы ЕҚЫҰ-на Қазақстан Республикасының төрағалығы – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың мемлекетімізді әлеуметтік-экономикалық және саяси-қоғамдық жақтарынан дамытудағы еңбегінің халықаралық деңгейде бағалануының үздік көрсеткіші Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың елімізді экономикалық және қоғамдық-саяси жақтарынан өңірлік және әлемдік көпестіктегі қуатты демократиялық мемлекетке айналдырғаны – тарихи ақиқат. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті ядролық қарудан бас тарту, атом сынағы полигонын жабу, сол арқылы ядролық қарусыз ел, қарусыздану және қаруды таратпауды ұстанушы мемлекет болу саясатының көрнекті үлгісі болды. Қазақстанның планетамыздағы мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарда барлығына да ең сенімді әріптес болатындығы Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың ішкі және сыртқы саясаттағы көрегендігі көшбасшылығы арқылы дәлелденіп отыр.

Қазақстандық дипломатияның басты ерекшелігі жеке ұлттық мемлекеттік, өмірлік мүдделерді әлем өркениетіне ортақ өзекті мұраттармен үйлестіре, сабақтас ыра жүргізуі. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының ішкі дамуына мол мүмкіндіктер туғызатын әлем елдерімен қарым-қатынастарды дамыту, нығайту үшін Елбасымыз негіздеген саяси ұстанымдарымызды дамыта жалғастыра береміз. Қазақстанның ЕҚЫҰ-на төрағалығы халықаралық мемлекетаралық қарым-қатынастар саясатының жаңа стратегиялық нәтижелеріне қол жеткізеді.

Қазақстанның ЕҚЫҰ-на төрағалық етуі шеңберінде қаңтар айынан бері көптеген іс-шаралар жүзеге асырылуда. Мысалы, жақында Алматыда өткен «ЕҚЫҰ Еуразия өлшемі» Трансазиялық парламенттік форумы да әлем халықтарының қауіпсіздігін нығайту және ынтымақтастығын дамыту мәселелерін талқылады. Форумға қатысушыларға арналған Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Үндеуі оқылды. Елбасының Үндеуінде халықтардың ынтымақтастығы мен өзара бірін-бірі қолдауға негізделген әріптестікті күшейту өзектілігі атап көрсетілген. Форумға ЕҚЫҰ құрамындағы мемлекеттер Парламенттерінің, Жерорта теңізі мен азиялық әріптестер Ұйымдарының, Ауғанстан, Пәкістан, Йордания парламентшілерінің, халықаралық басқа да ұйымдардың, ірі елі ғылыми-зерттеу институттарының, дипломатиялық корпустардың өкілдер қатысып, халықаралық қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың өзекті мәселелері туралы келелі ойларын ортаға салды. Қазақстанның Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық Ұйымына төрағалық қызметі аясында өткен бұл форумда бағдарламалық-тақырыптық үш сессия жұмыс істеді: біріншісінің тақырыбы – «Аймақтық қауіпсіздік. Ауғанстан, терроризм және есірткі заттарымен күрес, қарусыздану; екіншісінің тақырыбы – «Еуразия: Дамушы нарықтар және өріс алған шақырулар Экономикалық даму, сауда, ресурстарды басқару, еңбек, көші-қон, экологиялық мәселелер»; үшіншісінің тақырыбы – «Адамзаттық өлшем. Діни төзімділік, саяси даму, адам саудасымен күрес, гендерлік теңдік».

Форумдағы талқыланған бағдарламалық тақырыптар желісінде қазіргі Қырғызстандағы қауіпсіздік пен тұрақтылық мәселелері басты назарда, сөз арқауында болды. ЕҚЫҰ-на төрағалық ету шеңберіндегі мұндай іс-шаралар жалғаса береді.

Қазақстан – қазіргі кезеңде әлем өркениеті кеңістігіндегі танымал ірі мемлекет. Елбасымыздың мемлекетімізді даналықпен басқарған көшбасшылық қызметінің нәтижесінде нарықтық экономиканы, демократиялық құрылымдарды, аймақтық және әлемдік қауіпсіздік пен ынтымақтастықты ішкі және сыртқы саясаттағы тұрақтылықты қалыптастырған, барлық мемлекеттерге сенімді әріптес бола алатын мемлекет екендігіміз толық дәлелденді. Қазақстан Республикасының көрнекті халықаралық ұйымға төрағалығы – халқымыздың әлем өркениеті кеңістігіндегі дамыған мемлекеттер қатарында болатын мәңгілік болашағының да көрсеткіші. Қазақ және әлем халықтарының рухани құндылықтарын ұрпақтардың игеруі де осы ынтымақтастық аясында жүзеге асатыны анық.

Құттықтаймыз!

Қазақтың көрнекті ғалымы академик Сейіт Асқарұлы Қасқабасов 70 жаста

Сейіт Асқарұлы Қасқабасов 1940 жылы 24 маусымда қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласында дүниеге келді. Көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі. Ол Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институтын 1964 жылы бітірді. Еңбек жолында М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер (1968-1997 ж.ж.), Ұлттық ҒА Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің ғалым-хатшысы (1970-1979), Қазақ КСР КП ОК-нің үгіт-насихат бөлімінің кеңесшісі (1988-1991 ж.ж.), ҚР Президенті мен Министрлер Кабинеті аппаратының қызметкері (1991-1992 ж.), ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары Аттестациялық Комиссиясының төрағасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті жанындағы Еуразия ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, Шығыстану факультетінің деканы, 2001 жылдан бері ҚР ҰҒА М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, ҚР Мемлекеттік және ҚР ҰҒА-ның Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтарының лауреаты.



Темірхан ТЕБЕГЕНОВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор

ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ ҒҰЛАМАСЫ

Адамзат өркениеті – талай мыңжылдықтар белестерінен өткен тарихи-мәдени дамудың үздіксіз қозғалыстағы кеңістігі. Қозғалыс кеңістігі ғарыштық-ғаламдық шетсіз-шексіз әлемнің бұрынғы және қазіргі, сонымен бірге болашақ тарихын құрайтын аса күрделі құбылыстар жиыны. Тарихи-мәдени даму үдерісіндегі рухани құндылықтар адамзат ұрпақтарының көркемдік-эстетикалық дүниетанымын уақыт пен кеңістік сабақтастығы жүйесінде үнемі толықтырып, болашақтың жаңалықтарымен ұштастырады. Бұл орайда, ежелгі және қазіргі, сонымен бірге болашақты жалғастырып тұрған ықпалды арна – тарихи гүлгалар қызметінің мәңгілік жалғастығына айырықша назар аударамыз. Анахарсис

(б.д.д. 638–559 жж.), Платон (б.д.д. 428–347 жж.), Со-крат (б.д.д. 469–399 жж.), Аристотель (б.д.д. 384–322 жж.), Геродот (б.д.д. 485–430 жж.), Цицерон (б.д.д. 106–43 жж.), Плутарх (б.д. 45–127 жж.), Әбунәсір әл-Фараби (870–950 жж.), Абу-ль-Фарадж (Григорий Ио-анн Бар-Әбрей) (1226–1286 жж.), Мұхаммед Хайдар Дулати (1499–1561 жж.), Я. А. Коменский (1592–1670 жж.), М. Э. Монтень (1533–1592 жж.), Б. Спиноза (1632–1677 жж.), А. Шопенгауэр (1788–1860 жж.), Ш. Уәлиханов (1835–1865 жж.), В. И. Вернадский (1863–1945 жж.), Ф. В. Ницше (1844–1900 жж.), Г. Спенсер (1820–1903 жж.), А. Байтұрсынов (1873–1938 жж.), А. Эйнштейн (1879–1955 жж.), Ә. Марғұлан (1904–1985

жж.), Ә. Қоңыратбаев (1905–1986 жж.) және т.б. [1–3] энциклопедиялық білім иелері – адамзат өркениетіндегі ақыл-ой дамуының озық көрсеткіштері қатарында бағаланумен келеді. Бірнеше ғылым салаларында жаңалығы мол іргелі еңбектер жазған ғұламалар саналуан деректерді жинақтай отырып, өзіндік ғылыми тұжырымдарының теориялық және практикалық мәңгілік кенермейтін кешенді ұлағатын қалыптастырады.

Әлем өркениетіндегі осындай дәстүрді жалғастырушылар қатарында академик Сейіт Асқарұлы Қасқабасовты да айтамыз. Ол – ХХ ғасырдың 60-жылдарынан бастап, қазақ фольклортануы мен әдебиеттануы, түркітану, тарихнама, этнография, өнертану, мәтінтану, т.б. ғылымдар салаларына арналған іргелі зерттеулерімен отандық және шетелдік ғылыми ойлау әлеміне танымал тұлға. Академик С. А. Қасқабасовтың еңбек өтілі кезеңдері ғылыми-зерттеу (М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында әуелде аға ғылыми-қызметкер, 2001 жылдан директоры, КСРО ҒА Әлем әдебиеті институтының аға ғылыми қызметкері) мекемелеріндегі және мемлекеттік басқару-әкімшілік (ҚазКСР ҰА Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің ғылым-хатшысы, ҚазКСР КП ОК үгіт-насихат бөлімінің кеңесшісі, ҚР Президенті мен Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссиясының (ЖАК) төрағасы), жоғары оқу орнындағы (Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетіндегі шығыстану ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, Шығыстану факультетінің деканы) қызметтерімен де белгілі. Ғылыми шығармашылығы мен әр түрлі мемлекеттік басқару-әкімшілік қызметтерін өзара тығыз ұштастыра жүргізген көрнекті тарихи тұлғаның қызметі қазақ және әлем өркениеті сабақтастығының жарқын үлгісін танытады.

Ғалымның ғылыми-зерттеу еңбектерінің басты саласы – фольклортану. Қазақ және әлем фольклортануы ғылымының бұрынғы-соңғы теориялық тұжырымдарымен жан-жақты танысқан зерттеуші ұлттық және жалпыадамзаттық көркемдік ойлау жүйесіндегі сабақтастық, үндестік, өзгешелік, т.б. поэтикалық ерекшеліктерді саралаумен келеді. Фольклортанудағы өзіндік ғылыми жаңалықтары жинақталған еңбектері жылдар бойы жарияланып келе жатқан шоғыры мол мақалаларымен, монографиялық («Казахская волшебная сказка», Алматы, 1972; «Қазақтың халық прозасы», Алматы, 1984; «Родники искусства: фольклористические этюды», Алматы, 1986; «Казахская сказочная проза», Алматы, 1990), ғылыми-зерттеу екі томдық («Золотая жила», Астана, 2000), әр жылғы зерттеулер жинағы («Жан азық», Астана, 2000, т.б.) кітаптарымен халыққа танылды. Бұлардың ішінде «Қазақтың халық прозасы» (1984) ҚР ҰҒА Шоқан Уәлиханов атындағы (1996), «Казахская сказочная проза» (1990) Абай атындағы ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атақтарын автордың иеленуін жүзеге асырды. Ғалымның фольклортанудағы еңбектерінде фольклор жанрларының өзекті теориялық мәселелері қарастырылған. Нақтылап айтқанда, фольклорлық жанрлардың табиғаты, функциясы, жанрлар жүйесі, халық прозасын саралаудың шарттары айқындалған. Зерттеуші қазақ халық прозасын жанрлық классификациялаудың басты шарттарын ұсынған:

– жанрдың атқаратын қызметі (танымдық, мағлұматтық, ғибраттық, сауықтық, эстетикалық),

– шындыққа қатысы (тарихи негізгі бар (деректі), тарихи негізі жоқ (дерексіз)),

– прозалық шығармалардың көркемдік сипаты (қарапайым және көркем проза);

– прозалық шығармаға айтушы мен тыңдаушының қатысы (ел сенетін және ел сенбейтін фольклорлық проза);

– прозалық жанрлардың шығу мерзімі (баяғыда пайда болып, қалыптасқан және бұрын да, қазір де туатын жанрлар). Ғалым отандық және әлемдік фольклортанудағы жанрлар теориясына сүйене отырып, қазақтың халық прозасын екі үлкен топқа бөледі:

«Бірі – аңыздық проза, екіншісі – ертегілік проза. Бұлардың әрқайсысы ішкі жанрларға жіктеледі. Аңыздың проза миф, хикая (быличка), аңыз (предание), әпсана – хикая (легенда) – жанрларын қамтиды. Ертегілік прозаға жануарлар жайындағы, қиял-ғажайып, батырлық, новеллалық және сатиралық ертегілер жатады» [4, 57–58–бб.].

Ғалымның осы монографиясы қазақ ертегілері мен аңыздары поэтикасын әлемдік фольклортану теориясына сәйкес бағалаудың жаңа мектептік бағытын қалыптастырды. Зерттеушінің «... «халық прозасы» деген ұғым әлемдік фольклортану ғылымының өзінде беріні (1950–60 жылдардан бастап), яғни «Халық прозасын зерттеушілердің халықаралық қоғамы» құрылғаннан кейін қолданыла бастады» [4, 3–б.] – деп айтқанындай, аталған еңбегінің жалғасы «Казахская сказочная проза» (1990) атты кітабымен толықты.

Алты тараудан («Теория фольклорных жанров и ее значение для изучения казахской устной народной прозы», «Вопросы классификации жанров казахской фольклорной прозы», «Архаические мифы и их реликты в казахском фольклоре», «Мифологические рассказы в форме былички», «Предания исторические и топонимические», «Легенда и ее разновидности») тұратын бұл кітап та қазақ фольклорындағы ертегілік емес халық прозасы жанрларының (мифтік әңгімелер, хикаялар, әпсана-хикая, аңыз) поэтикалық ерекшеліктерін (функционалдық өзгешелік, ауызша прозаның классификациясы, сюжеттік-тақырыптық топтар мен бейнелер, типологиялық және өзіндік өзгешелік белгілер, т.б.) саралаған ғылыми жаңалықтарымен ерекшеленеді.

Зерттеушінің «Родники искусства: фольклористические этюды» (1986) да жанашылдығымен құнды. Кітапта қазақтың халықтық драмалық шығармашылығы мен театр сахнасына арналған трагедиялық туындылардың, фольклорлық негізі және оның көркем шындыққа ұштастырылуы, фольклордағы баиырғы мұраларды (төрт түлік өлеңдері, Наурыз, жарапазан жырлары, батырлық және гашықтық эпос, ақындр айтысы, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, термелер, толғаулар, беташар, жоқтау, т.б.) сақтаушылар айтушылар (ақындар, жыршылар, ертектілер, өлеңшілер, әңгіменшілер) туралы фольклортану, өнертану, этнография, әдебиеттану мәселелері тоғысындағы ғылыми бағалаулар, сипаттамалар жасалған.

Еңбекте автор қазіргі заманғы рухани мәдениет

құрамындағы бірнеше көркемөнер салаларындағы фольклор дәстүрінің жаңғыра сақталуының өзекті арналарын атап көрсетеді: фольклор мен әдебиет; фольклор мен театр; фольклор мен кәсіби музыка; фольклор мен кино; фольклор мен бейнелеу өнері. Зерттеуші рухани мәдениет салаларының барлығында да фольклор дәстүрі сақталуының тарихи-генетикалық ықпалдылық болмысын тиянақты тұжырымдарымен ғылыми дәлелдеген.

Ғалымның қазақ әдебиеті тарихы кезеңдеріндегі мұраларды жаңаша жүйемен қарастыруы қазіргі тәуелсіз қазақ елінің бұрынғы-соңғы рухани құндылықтарын жаңаша қарастыруға теориялық-методологиялық соны серпін әкелді. Тәуелсіз мемлекетіміздің ғылыми-зерттеу бағдарламасын жүзеге асыру жолында «Қазақстан тарихы» жаңа 5 томдығының 2-томындағы тарауларды (Төртінші тарау. § 1 XVII–XV ғғ. Қазақстанның рухани мәдениеті; Жетінші тарау. § 1. Рухани мәдениет) академик С. А. Қасқабасовтың жазғаны ұлттық тарихымыздың тек сөз өнері мұраларын жаңа көзқарас аясында зерделеудің тиянақты бағдарын айқындады. Ғалым фольклор ауызша авторлық пен жазбаша-кітаби әдебиет және музыкалық-поэтикалық өнер дәстүрлерінің ғасырлар бойы сақталып, дамып келе жатқан тарихи-мәдени үдеріс үздіксіздігін жаңаша дәйектеп, тұжырымдады. Шыңғысхан кезіндегі жыраулар (Кетбұға, т.б.), Алтын Орда – Дешті Қыпшақ дәуіріндегі ақын-жазушылар (Қотан, Сыпыра). Қазақ хандығы поэзиясын (Асан Қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Жиёмбет, Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар), XV–XVII ғғ. көркем әдебиет ескерткіштерін (Захир-ад-дин Бабырдың «Бабыр-нама», Камал-ад-дин Бинайдың «Шайбани-нама», Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди», Қожамқұл бек Балхидың «Тарих-и Қыпшақ», Қадырғали Жалайырдың «Шежірелер жинағы») «... соңғы орта ғасырлардағы Орта Азия мен Қазақстанның түрік халықтары көркем әдебиетінің ескерткіштері ретінде де маңызы бар шығармалар» [5, 573-б.] екенін айта келе, аталған шежірелік ескерткіштердің әдеби сипатын ғылыми тұрғыда дәлелді, дәйекті бағалаумен тұжырымдаған.

«Бұл авторлар тек оқиғаларды суреттеумен және билеушілер генеалогиясының тарихын баяндаумен ғана шектелмеген. Олар өз суреттемелеріне қоса көркем бейнелер жасап, ауыспалы мән беріп отырған, кейде шайқастардың немесе басқа оқиғалардың әдеби көріністерін беріп, өздерінің сөз саптауларын алуан түрлі айшықты троптармен әрлендіре түскен, хикаяларына өздерінің сирек кездесетін поэтикалық таланты мен кең көлемді эрудициясы бар екендігін дәлелдейтін өлең жолдарын енгізіп отырған. Мұның бірінші кезекте Бабырға қатысы бар» [5, 573-б.]. Демек, зерттеушінің қазақ тарихының деректі және көркем шындық тұтастығымен жазылған жазба әдебиеті дәстүрін жаңаша бағалаған осы пікірі аталған мұраларды арнайы зерттеу нысанына алған бірнеше кандидаттық, докторлық диссертацияларға теориялық методологиялық негіз, бағдар болды.

Зерттеушінің бұл саладағы әр жылдары үздіксіз жарық көріп келе жатқан саны мол мақалалары («Дәстүрлі қазақ фольклоры мәселелері» (1973), «О типах и формах взаимодействия казахской литературы и

фольклора» (1984), «Фольклордың қазіргі өмірдегі орны» (1990), «Миф пен әпсананың тарихилығы» (1993), «Жырау, жыршы әрі ақын» (1996), «Жыраулар поэзиясы классикалық ауыз әдебиеті» (2000), «Әдебиет пен өнердің нарық жағдайындағы түр-сипаты мен мақсат-міндеті туралы» (2002), «Махамбеттің мұңы» (2002), «Мұхтар Мағауиннің «Жармақ» романы» (2010), «XX ғасырдың ұлы жырауы» (2010), «Айтысты шынайы өнер деңгейіне көтеруіміз керек» (2010, т.б.) кітаптары (XVI–XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті (компендиум), 2005) [6] – бәрі де көркем әдебиет поэтикасына теориялық тұжырымдар қосқан жаңашылдық тағылымымен құнды Қазіргі заманғы фольклортану мен әдебиеттану ғылымдары салаларының өзекті мәселелерін жаңаша бағалаудың қарқынды жүзеге асуында ұстаз-ғалым пікірінің тиянақты методологиялық бағдар болып тұрғаны ақиқат:

«Ауыз әдебиеті дегенде бұл жерде фольклор туралы сөз болмауы керек. Фольклор – атам заманда туып, авторы жоқ, бірден-бірге айтылып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен ауызекі шығармалар екені белгілі. Ал, «ауыз әдебиеті» деген ұғым орта ғасырлардағы Қазақстан үшін кәдімгі кәсіби жазба әдебиет рөлін атқарған туындыларды білдіреді. Оның фольклордан басты айырмашылығы – авторлық болуы, мәтіннің біршама тұрақтылығы, шығарма мазмұнының нақтылығы, оның кімге арналғанының (адресаттың) белгілі болуы, сондай-ақ шығарма стиліндегі даралық сипат пен автордың «мені» көрініс беретіндігі. Мұндай ауыз әдебиетін жасаушылар ол кезде, негізінен, жыраулар мен шешендер (билер) болды» [7, 500-б.]

Зерттеуші жыраулар поэзиясының классикалық ауыз әдебиеті екендігін, олардың арғы түп-тамыр бастау тұлғаларын (Қорқыт Ата, Кетбұға (Ұлық жыршы), Сыпыра) Қазақ хандығы кезіндегі қайраткерлерін (Асан Сәбитұлы – Асан Қайғы, Қазтуған Сүйіншіұлы, Шалкиіз (Шәлгез) – Тіленшіұлы, Аймадет Доспамбет, Жиёмбет Біртоғашұлы, Ақтамберді Сарыұлы, Тәтіқара, Үмбетей Тілеуұлы, Бұқар Қалқаманұлы), олардың шығармаларының жанрлар жүйесін (толғау, арнау, мадақтау) тақырыптарын, өлеңдік кестесін (ұйқас, шумақ, тармақ, буын, бунақ), бейнелілік, айшықтау көркемдік әдіс-тәсілдер (психологиялық параллелизм, қайталау, дыбыс қуалау, теңеу, шендестіру, әсірелеу, контраст, т.б.) – бәрін де жаңашыл талдаулармен қарастырған. Жыраулар өмір сүрген тарихи кезеңдер, қазақ хандарының мемлекетті қалыптастыру қызметі, сөз өнерінің билік пен халық арасындағы дәнекер ықпалы, авторлы поэзиядағы дидактика мен психологизм, лиризм тұтастығы, т.б. ерекшеліктер тарихи поэтика тұрғысында байыпталған. Жыраулық пен ақындық поэзияның қатарлас жылдануының ортақ сипаттары, жыраулар шығармашылығындағы мемлекеттік, қоғамдық-өлеуметтік сарынды басым жырлаудың орнына ақындар туындыларында тұрмыс, салт-сана, әдет-ғұрып мәселелеріне көбірек арналатын, бұрынғы ұйқас пен ырғақ аралас өрімнің орнына тұрақты ұйқастың (ааба), 7–8 буын мен басым жырланатын толғаулық өлшем азайып, II буындық үлгі басым бола бастағаны айтылады.

Зерттеуші авторлы поэзия поэтикасындағы дәстүр

мен жаңашылдық сабақтастығына шынайы дәйектеме берген:

«... жыраулық поэзиядағы қаһармандық мәндегі эпикалық сипат та бірте-бірте лирикалық сарынға ойысады, адамның сыртқы іс-әрекетінен гөрі ойы, көңіл-күйі көрсетіле бастайды.

Және ақындар шығармалары жыраулық поэзияға қарағанда жалпылықтан нақтылыққа бет бұрған, сюжетке құрылған оқиғалы болып келеді. Әрине, бұл көрсетілген айырмашылықтар жыраулық поэзия мен ақындар поэзиясының арасында «қытай қорғаны бар» деген сөз емес. Олар қазақ әдебиетінің даму барысындағы бағыттар мен кезеңдер, бірін-бірі жалғастырып, сөйтіп ұлттық поэзиямызды байытып отырған дәстүрлер мен жаңалықтар» [7, 60-61-66.].

Қайраткер ғалым қазақ халқының фольклоры мен әдебиеті мұраларының бұрын жиналған, бірақ халыққа кең таралмаған үлгілерін қазіргі және болашақтағы ұрпақтарға жеткізу үшін үнемі жаңа істерді ұйымдастырумен келеді. В. В. Радловтің «Түркі халықтары халық әдебиеті үлгілері» көп томдығының қазақ фольклоры үлгілері мен ауызша әдебиет туындылары енген жинақтарын «Алтын сандық» (1993). «Ел қазынасы – ескі сөз» (1994) атты кітаптар етіп жарыққа шығарды. Сонымен бірге, қазақ поэзиясының алғыбы Жамбыл Жабаевтың орысшаға аударылған таңдамалы жинағын құрастырып, алғы сөзі мен түсініктерін жазып жариялады (1996).

Академик С. А. Қасқабасовтың жеке өзіндік ғылыми-зерттеулері еңбек өтілі жылдарындағы мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру жұмыстарымен тығыз байланыстылығымен ерекшеленеді. 2001 жылдан бері ҚР БЖҒМ М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры қызметін қазіргі заманғы уақыт талабына сай атқаруда. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың тікелей бастамасымен ұйымдастырылып, бірінші (2004–2008 жж.), екінші (2009–2011 жж.) кезеңдеріндегі «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобаның жүзеге асуында М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты жүзеге асырып жатқан еңбек нәтижелері халықтың көңілін көншітуде. 100 томдық «Бабалар сөзі» топтамасының қазақ фольклорының, ауызша әдебиетінің маңызды мәтіндерін қамтыған 50-ге жуық кітабының, «Әлемдік фольклортанудың» 3 томдығының, «Қазақ әдебиеті тарихының» 10 томдығы, қазақ өнерінің тарихы мен қазақ музыкасының антологиясы, 20 томдық «Әдеби жәдігерлер» топтамалары алғашқы кітаптарының жарыққа шығуында, т.б. шығармашылық еңбек нәтижелерінің жүзеге асуында, әрине, ғұлама басшының білікті ұйымдастырушылық қызметі танылады.

Ғалым жетекшілігімен фольклортану, әдебиеттану, өнертану ғылымдары салаларында ондаған докторлық, кандидаттық диссертациялардың қорғалуы да ұстаз-ғалымның рухани мәдениетке қосқан сүбелі үлесінің маңыздылығын айқындай түседі.

Ұстаз-ғалымның фольклортану мен әдебиеттану ғылымдары салаларындағы ғылыми-теориялық тұжырымдары қазіргі заманғы еуропалық және азиялық халықтардың филология, түркітану, шығыстану, этнография, өнертану, мәдениеттану салаларындағы зерттеушілеріне теориялық-методологиялық бағдар,

көмек беріп келе жатқаны мәлім. Бұл – Әбунәсір әл-Фарабидан басталған қазақ ғылымының әлем өркениетіндегі мәртебелі жолының көрінісі.

XXI ғасыр – қазақ елінің әлем өркениеті кеңістігіндегі өзіндік ұлттық-мемлекеттік тұрпатымен танылу дәуірі. Бұл орайда, отандық және әлемдік фольклортану, әдебиеттану, өнертану, тарихнама, этнография, мәдениеттану ғылымдары салаларындағы іргелі зерттеулерімен қазақ ғылымының классикалық деңгейін дамытқан, қалыптастырған көрнекті ғалым, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Сейіт Асқарұлы Қасқабасовты әлем өркениеті кеңістігіндегі дара дарындар қатарында бағалаймыз.

Сейіт Асқарұлы – шығармашылық талантын, дарын қуатын туған халқының, қазақ ұлтының өсу, өркендеуіне арнаған қайраткер. Өзі игерген ғылым жетістіктерін жалғастыратын шәкірттерінің, қазіргі және болашақ ұрпақтың уақыт сынақтарына төтеп беруін, қазақтың ұлттық дамуының тиянақты бағдарда болуын тілейді:

«Шеттен келіп жатқан дәрекі мәдениеттің соқыр жетегінде кетпес үшін өз мәдени үрдісімізді қалыптастыруға күш салсақ. Ол тек ұлттық шеңбер аясында ғана емес, өзіміздің озық өнеріміз бен шетелдің үздік мәдениетін ұштастыру және ұлттық мәдениетіміздің мәйегін сақтай отырып, заман талабына сай дамыта пайдалану арқылы қалыптаспақ. Ол үшін тезірек мәдениет нарығына ену, шығармашылық бәсекеге түсу қажет. Әрине, бұл оңай шаруа емес. Мәдениет күресіне, талант жарысына түсудің алғы шарты ой азаттығы мен шығармашылық еркіндік» [8, 72-б.]. Қазақ ұлтының әлем елдерімен материалдық және рухани мәдениет салаларындағы бәсекелі дамуда келе жатқаны – ғалым мұратының жүзеге асу көрсеткіші.

Қорыта айтқанда, қазақ елінің ежелгі дәуірлерден біздің заманымызға жеткен энциклопедиялық білім иелері дәстүрінің болашаққа ұласуы арқылы ұлттық өрлеу өркендерінің жалғастығын көреміз. Бұл – қазақ өркениетінің мәңгілік даму жолы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Энциклопедия мудрости. – М.: РОССА. 2008. 816 с.
2. Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (IX–XIX ғасырлар). – Алматы: Қазмембас, 1964 – 302-б.
3. Қазақ әдебиеті: Энциклопедиялық анықтамалық – Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2005 – 576-б
4. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272-б.
5. Қасқабасов С.А. Жетінші ғарау. Қазақ халқының рухани мәдениеті. § 1. Рухани мәдениет // Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – Алматы: Атамұра, 1998. – 2-т. – 550-579-б.
6. Қасқабасов С.А. XV–XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті (компендиум) // Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2005. – 64-б.
7. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584-б.
8. Қасқабасов С.А. Әдебиет пен өнердің нарық жағдайындағы түр-сипаты туралы // Әдебиеттанудың өзекті мәселелері. Академик Серік Қирабаевтың 75 жылдығына арналған жинақ. – Алматы: Комплекс, 2002. – 63-77-б.

Дәстүр және бүгінгі қазақ өлеңі

Қазақ халқының рухани-мәдени ғұмырында, тарихи тағылымында, заманауи шежіресінде қай кезеңде болса да азаттық, бостандық, еркіндік, яғни тәуелсіздік идеясы ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Жалпы, бұл ұлттық, халықтық идея жер жүзіндегі барша халықтардың да әрқашан асыл мұраты, мәңгілік мақсаты болған. Сондықтан да әлем өркениетінің белгілі-белгілі жауһарларын, әлем халықтарының жер жүзіне тараған аңыз-дастандарын ойға алып қарасақ, бәрінде де алтын арқау — азаттық пен еркіндік. Жер жаралғалы жер бетінде адамзат ұрпағы дүниеге келгелі пенде де, ру мен тайпа да, ұлт пен ұлыс та, жұрт пен халық та осы бір аңсарлы сөзімге барынша адалдық танытып, небір айқас пен шайқастардың талайын бастан кешті.

Осынау мәңгілік күрес пен мәңгілік арман сол халықтардың ауыз әдебиеті арқылы тарихи жылнамасын жазды. Қазақ жұрты бұл тұрғыдан келгенде, өзінің бай ауыз әдебиеті арқылы қай халықпен де шендесе алатын, рухани бәсекеде белдесе алатын жағдайда. Екімыңжылдық дала поэзиясының арғы-бергі тарихына ойша көз жібергенде мұны айқын көріп, айнытпай тани аламыз. Ал, бұл орайда біз өзіміздің ерекше бай да қуатты, мазмұнды да мәнді ауыз әдебиетіне фольклорымызға мейілінше қарыздармыз. Біздің ауыз әдебиетіміз — халқымыздың мәңгілік мәртебелі мектебі. Халқымыз қай тарихи кезеңде ғұмыр кешсе де, өзінің осынау аса бай рухани мәдениетінен рухани күш алып отырды. Осы арқылы батырлық пен батыллықтың баянын жазды. Осы арқылы ерлік пен өрліктің өзіндік мектебін қалыптастырды. Осы арқылы халық болып өзінің тарихи тұтастығын сақтай алды. Осы арқылы ұрпақтан-ұрпаққа тәлім мен тағылым қалдырды.

Мыңдаған жылдық мектептің мәңгілік сабағы — ерлік, елдік, бостандық, еркіндік, азаттық, ұлттық тәуелсіздік деген ұлы ұғымдардың басын құрайды. Қай кезең, қай ғасырдағы ақын-жыраулардың поэзиясын алып қарасақ та, азаттық пен еркіндікке ұмтылған ақындық-батырлық аңсарды айқын танымыз. Сәл беріге қадам басып, 15-18 ғасырлардағы ақын-жыраулар поэзиясын саралап қарасақ, ондағы азаттық пен еркіндікті аңсаған отты жырлардың қызуы мен шалқуы бүгінгі рух пен болмыстың шогын одан әрі үрлеп, үлкейтіп әкетеді. Сыпыра мен Шәлгездің, Асан қайғы мен Қазтуғанның, Ақтамберді мен Үмбетейдің, Төтқара мен Жиенбеттің жалынды жырлары «азаттық бер, теңдік бер» деп тепсініп, атойлап тұр. Ел айырылған, халық қайырылған қаралы күндер мен түндердің көз жасы шер болып төгіліп, жыр болып құйылып, адам жанын, қазақ жанын сыздатып, мұздатып кетеді. Тарихтың тікен желінен соққан сол бір ызғар терістіктен үш ғасыр үскіріп соқты емес пе?



Өтеген ОРАЛБАЕВ,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының кеңесшісі, ҚР Президенті сыйлығының лауреаты, ақын, журналист.

Бірақ, азаттық сүйгіш алаш жұртының арман-мақсаты тар кезеңдерде тиым мен тежеу көрсе де өзінің қайсар рухын жоғалтпады, қайта іздеген мұратын тапқанша, көздеген нысанасына жеткенше аласұрып, айқасып бақты. Мұны да біз өткен ұрпақтың өрлік жырларынан, батырлық өлеңдердің найза кернеген намысынан айқын кереміз. Махамбет пен Мұратқа ұласқан алдаспан жырлардың жарқылы кейінгі кеңестік кезеңдерде Жұбан Молдағалиевтің «Мен — қазақпын» жырына ұласты, соғыстан жеңімпаз болып оралған Қасым Аманжолов пен Әбу Сәрсенбаевтың, Дихан Әбілев пен Мұзафар Әлімбаевтың, Сырбай Мәуленов пен Қуандық Шаңғытбаевтың, Тоқаш Бердияровтың өміршең өлеңдерінде одан әрі өрісін кеңейтті.

Азаттық, бостандық идеясы «еуропаны шарлаған коммунизм елесіндей» болып байтақ қазақ даласын кезіп жүрд. Ол ғасырдан-ғасырға ұласқан қазақ жырының алтын арқауы болып санаға сіңді. Атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасты. Жыр қашаған жыраулар мен от ауызды, орақ тісті ақындардың жалаугер жырлары болып өрілген тұтастық әлемі Абай мен Шәкәрімнің ақылман жырларында жұртшыл, халықшыл сарынға ұласып, бодандық қамытын қиратудың ақыл-парасатқа жүгінген әдіс-тәсілдері енді қазақ даласына



дендеп керек болары белгілі болды. Білекті бірді жықса, білімді мыңды жығатын кезең келе жатты. Күрестің әдіс-тәсілдері өзгере бастады. Енді жалындаған жалаңаш ұрандардан төрі, тереңнен қозғаған, алыстан барлаған, биікке шарлаған, сайынға самғаған саналы поэзияға иек арта бастады. Бірақ, бұл жол да алыста жатқан, көңіл жетсе де көз жете қоймайтын қалтарысты шақта еді. Махамбеттің: «Мен тауда ойнаған қар» марал, табаным тасқа тиер деп, сақсынып ұшқан қиядан» дейтіні содан болса керек.

Бүгінгі тәуелсіздігімізге жету үшін алдында ұзақ жол жатқан қазақ даласы осы кезеңдерде 300-ден астам көтерілісті бастан кешті. Қазақ жұртының қай қиырында да бас көтерген сол Ұлт-азаттық дүрбелендер мен жорықтар көтерілістер мен толқулар өз кезеңдерінде поэзиялық шығармалар тудырды. Ол шығармаларда ата-бабаларымыз ғасырлар бойы армандап келе жатқан азаттық пен бостандық жырланды. Азаттық жолындағы азатты күрестер мен қан кешулер жыр-шежіреге үсті. Қаратаудың басынан көш құлатқан сол зарлы заманның мұң-шері халықтық жыр-дастандарға тиек болды, олар ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса жетіп отырды. Біздің бүгінгі поэзияны сараптап карағанда сол халықтық сарынның арғы даусы мен үні күні бүгінге дейін жетіп, кешегі Желгоқсан көтерілісі кезінде шырқап, шығандап кеткені толық түсінікті. Азаттықтың рухына бөккен Алматы алаңындағы халықтық хор сонда «Менің Қазақстаным» болып шырқалды.

Біз мұны қазақ жырындағы дәстүр сабақтастығы деп атаймыз. Халықтың даму тарихымен үндес бұл дәстүр өзінің қай кезде де жақсы жалғасын тауып, өсіп, өркендеумен болды. Осынау жарқын жалғастықты Марфуға Айтқожа бір жырында былайша толғайды:

Сезімнің тілмен тегіп кестелерің,
Ғасырдан ғасырларға
Қошты өнерім
Ұлтымның ар-таңбасы ана тілім,
Тіл ешпесе,
Менің де өшпегенім!

Дәстүр дамуын дәл көрсете алатын мұндай өлеңдер қазақ ақындарының тұрақты тақырыбы болып келе жатыр.

Екінші бір ана ақынымыз Күләш Ахметова да осы үрдісті одан әрі жалғағандай сезім кешеді:

Түтінін түздегінің түзедік қой,
Аңсаған азаттықты біз едік қой.
Далама айбын бітіп, дәулет орнап,
Тұрады азым көпке тізе бүкпей.

Халқымыздың гумырлық арманы мен теңдікке қол жеткізген күнге деген шүбәсіз тәубесі де осы өлеңде айқын көрініп тұр.

Жүрегімде уақыттың сызы бар.

Ой-санамда ғасырлардың ізі бар.
Ұлы дала...
Ұлы таулар...
Тұмарым.

Тұмарыма Батыс, Шығыс «қызығар», – деп, өткен күндердің өнегелі де өкінішті өлссін қайта көз алдымызға әкелетін өлеңінде белгілі ақын Нұрлан Ораз-

алин жалғасқан дәстүрдің санада одан әрі бекүне сеп жасайды. Ал, Темірхан Медетбек бүгінгі күннің бедеріне көз тастап, оны кешегі күнмен шендестіріп, көңілін бірлейді:

Шүкір!
Қайтадан көтеріліп келем!
Баяғы айым
Қайта тұардай!
Баяғы күнім
Қайта шығардай!

Айтқаның келсін ақыл-жүрек. Барымыз баянды, ба- зарымыз ажарлы болсын дейік әмандә.

Қазақ жыры өзінің сабақтас дәстүрін осылайша жалғай береді. Толқын-толқын болып келіп жатқан жаңа өмір жыршылары – жас ақындар осы үрдісті одан әрі биіктеге береді деген сенім мол.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Зейнолла Қабдолов. Екі томдық шығармалар жинағы 1 том. Алматы. «Жазушы», 1983 жыл, 456-бет.
2. Марфуға Айтқожа. Алатаудың ақбатасы. Алматы, «Мұрагер», 2005 жыл. 222- бет.
3. Нұрлан Оразалин Қоздағы шок. Алматы, «Атамұра», 2008 жыл. 303-бет.
4. Күләш Ахметова. Құт. Алматы, «Дәуір», 2005 жыл. 143-бет.
5. Жиырмасыншы ғасыр жырлайды. 2 томдық поэзия антологиясы. 2 том, Алматы, «Раритет», 2007 жыл. 520-бет.
6. Гарифолла Есім. Жаңаша ойлаудың символы. «Ақиқат» журналы, № 10, 2008 жыл.
- 7 «Алдаспан», ақын-жыраулар антологиясы Алматы, «Жазушы», 1971 жыл 2/8-бет.

Резюме

В данной статье анализируется и научно-исследовательскими методами рассматривается истина времени, духовно-творческая связь и взаимодействие между временем и писателем в произведениях известных поэтов страны, обладателей государственной премии Республики Казахстан Нурлана Оразалина, Марфуги Айтқожы, Темирхана Медетбека, Күләш Ахметовой. переданные ими в творческой форме на языке поэзии, описание реалий современности и общества, своеобразность и пути тематического, художественного, идейного, содержательного поиска, достижения и успехи в многолетнем творчестве на основе стихов и поэм.

Summary

The article elaborates on thematic and creative peculiarities, as well as artistic mastery of Marfuğa Aitchoja, Nurlan Orazalin, Temirkan Medetbek, Kylash Ahmetova. A gifted lyric poets, laureate of Kazakhstan's State Award, he rose to prominence in the late 1960s and early 1970s. The present study analyses the style and individual hand, the role and place of in Kazakh poets, tools and forms that enriched his poetry, his methods and approaches in exploring themes of truth in modern life, society, and age. The article proves all these theses through investigation of his poems.

МӘДЕНИЕТТЕР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ТІЛ, ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ АУДАРМА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мәдениет – халықтың ең үлкен рухани байлығы. «Мәдениет дегеніміз – адамзат баласының ақыл-ойы, маңдай тері, қажырлы еңбегі, мұның бәрі – зор қоғамдық сипат». Бұл – белгілі ғарихшы Әлкей Марғұланның сөзі

Иә, бүгінгі қоғам адамзат баласымен біртұтас бірлікте, ынтымақта бола отырып, заманауи құндылықтарға бірлесе қол жеткізуді талап етеді. Ол үшін, әрине, үлкен еңбек, тиянақты сапалы білім қажет. Рухани күйреуге жол бермейтін аталған осы мәселелер қоғамда орын алса, онда тіршілік иелері ортақ мүдде жолында «Жұмыла кетерген жүк жеңіл» демекші талай асуларды бағындырары сөзсіз. Әлемдік мәдениет пен жаһандану барысындағы өзара байланыстардың дамуы арқылы халықтар келісімі мен бірлігіне қол жеткізу рухани-мәдени өрлеуге жетелейді. Осы мақсатта сәуір айының 23-24 жұлдызында киелі қара шаңырақ Қазақстан Жазушылар Одағының ғимаратында еліміздегі іргелі оқу орындарының бірі-Сүлейман Демирел атындағы университет пен «Да» Диалог Еуразия Платформасының ұйымдастыруымен «Мәдениеттер тоғысындағы тіл, әдебиет және аударма мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция болып өтті.

1996 жылы өз іргетасын қалаған Сүлейман Демирел атындағы университет білім, ғылым саласына өзінің қомақты үлесін қосып келеді. Көптеген игілікті істердің басы-қасында жүрген бұл жоғары оқу орны биыл екінші рет ұйымдастырылып отырған аталмыш конференцияның өткізілуіне де екінші мәрте мұрындық болып отыр.

Конференцияны оқу орнының ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор Мұхаммед Ақдиш ашты. Барлық қатысушыларды конференцияның ашылуымен құттықтап, университет тарихына шолу жасаған ректор өткізіліп отырған іс-шараның мән-мақсатын түсіндірді.

Мұнан кейін сөзді конференцияның басты ұйымдастырушысы «ДА» Диалог Еуразия Платформа Басқармасының төрағасы, Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасы Нұрлан Оразалин алды. Шетелдік қонақтарды қазақтың қарапайым да бай қонақжайлылығымен қарсы алудың үлгісін көрсеткен басшының құттықтау сөзі де әсерлі, тартымды шықты. Тілі, діні бөлек болса да ортақ мақсатты көздеген ғалымдардың еліміздің оңтүстік Астанасында бас қосуды мақтанш сөзімізбен жеткізді. Көрші қырғыз елінің қазіргі кездегі ауыр жағдайыменде таныстырып, жанашырлық, алаңдаушылық білдірді. Әлем назарын өзіне аударып отырған мұндай қақтығыстардың орын алуы түсінбеушіліктен, бірлік пен татулықтың болмауынан



екендігін ұғындырды. Халқымыздың «Бірлік жоқ жерде тірлік жоқ» деген даналық сөздері осы орайда еріксіз еске түскендей еді.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы Халыққа Жолдауында айтып жүрген «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығармай, іс бітпейтіні» де осы мәселенің шешімін дөп басқандай. Игі бастаманың ұйытқысы бола білген ел ұлы мұнан әрі сәуір айының 28-29-ы күндері Астанада 20-ға тарта мемлекеттің ғалымдары бас қосуға даярланып жатқанын хабарлады.

Үшінші болып мінбеге көтерілген Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінің ректоры Шәмшә Беркімбаева конференцияны ұйымдастырып отырған Сүлейман Демирел атындағы университетіне шексіз алғысын білдірді. Осыдан 14 жыл бұрын ғана негізі қаланған оқу орнының жеткен жетістіктерін баян етті, алдағы болашағына сәттіліктер тіледі.

Атына заты сай халықаралық деңгейде өткізілген бұл конференцияға әлемнің түкпір-түкпірінен ғалымдар келіп, өз ойларын ортаға салды. Алатаудың қойнауында орналасқан әсем Алматының төрінде жүрекжарды лебіздерін жеткізді.

Бұлардың қатарында Қазақстандағы Түркия елшілігінің Білім жөніндегі кеңесшісі, PhD докторы Четин Кадыр мырза, отандық физика-математика ғылымдарының докторы, академик Асқар Жұмаділдаев мырза, Біріккен Араб Әмірліктері университетінің доценті, PhD докторы Мариам Байшак ханым, Сауд Арабиясы Королдігінен келген Халид патша атындағы университет профессоры, PhD докторы Ал-Доссари Ха-



мад мырза, Мысыр елінен келген Дхарват эль-Сакран мырза, Сүлейман Демирел атындағы университеттің филология факультетінің деканы Юсуф Яйладжы мырзалар мен Қиыр Шығыс ұлттық университетінің профессоры, PhD докторы Людмила Балута ханым кезекпен мінбеге шығып екі күндік іс-шараның сәтті өтуіне тілектестіктерін білдіді. Ұйымдастырушыларға шын ниетпен алғыс айтты. Ұсыныстар да қалыс қалған жоқ.

15 минуттық үзілістен кейін пленарлық мәжілісте баяндамалар тыңдалды. Оксфорд мұғалімдер білімін жетілдіру академиясының директоры Тәрәса Доғуэллидің «Шет тілдерін үйретуде мұғалімнің өзіне сенімін арттыру жолдары», Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымының докторы Жақыпов Жантасын «Мәдениеттер тоғысында ана тілінің рухын сақтаудың бір сыры», Түркістандағы Ахмет Йассауи атындағы Қазақ-Түрік Халықаралық университетінің доценті, доктор Адем Асалыоглудың «Түркі әлеміндегі ой бірлігі туралы кезқарас» атты баяндамалары көпшілік көкейінен шыға білді, тіпті студенттер де белсене атсалысып, баяндамашылардың сұрақтарына шын ықыластарымен жауап беруге тырысып бақты. Өркениетке ұмтылған, бүгінде Еуропадағы Қауіпсіздік және Ұнтымақтастық Ұйымына төрағалық етіп отырған еліміздің жастары өздерінің білім, ғылымға деген іңкәрлігі мен құштарлығын үлкен ортада көрсете білді.

Түс ауа конференция Сүлейман Демирел университетінің ғимаратында секциялық мәжілістер арқылы өрбіді. Төмендегі негізгі 5 секция бойынша баяндамалар жасалды:

1-секция: Мәдениеттер тоғысының әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың дамуына әсері.

2-секция: Түркі тілдерінің өзекті мәселелері.

3-секция: Қазақ тілі мен әдебиеті рухани құндылықтар негізі.

4-секция Аударма – мәдениеттер тоғысының тиімді құралы.

5-секция: Шет тілдерін оқытудағы жаңа тәсілдер мен инновациялық технологиялар.

Конференцияның екінші күні секциялық мәжілістер арқылы қайта жалғасын тапты. Түс мезгілінде университет залында екі күндік конференция нәтижесі хабарландырылып, қорытындыланды. «Жақсыны көрмек үшін» деген екі күндік жақсы іс-шараның басы-қасында жүрген аға-апаларымыз өз әсерлерін әсем сөздермен жеткізді. Әсерінен айыға алмаған университеттің ғылыми істер жөніндегі проректоры, филология ғылымының докторы, профессор Дандай Ысқақ мырза қонақтармен қоштаспайтындығын айтып, конференцияны «қоздасқонше» деген үмітке толы жылы лебізімен аяқтады.

Біз де сөз соңында қолал мәселелер төңірегінде ой өрбітіп, пікір алмасуға мүмкіндік беретін осындай істің еліміздегі бас қалалардың бірінде өткенін үлкен мақтаншыған жеткізіп, «Өрі қарай жалғасын тапса, нұр үстіне нұр болар еді!» деген тілегімізбен қорытындылаймыз.

Сонымен бірге конференцияның мән-мазмұны мен тиімділігі жайлы бірнеше кісілермен ой болісуді жөн көрдік.

Дандай Ысқақ, филология ғылымдарының докторы, профессор, Сүлейман Демирел уни-

верситетінің ғылыми істері жөніндегі проректоры:

Қазақ халқы қазіргі уақытта өзінің тарихындағы ерекше бір кезеңді бастан өткеріп отыр. Біз қандай дәуірде өмір сүріп отырмыз? Жағдайымыз қалай? Қайда барамыз? Жаһандану дәуіріндегі біздің болашағымыз қандай? Болашақта қазақтың тілі, әдебиеті, мәдениеті қандай болмақ? Міне, осы төңіреkte ойланатын жайттар көп. Жалпы, қазақты ғана емес, бұл – әлем жұртшылығын ойландыратын мәселе. Мәдениеттер тоғысындағы руханият мәселелеріне арналған бұл конференцияға он шақты шет елден ғалымдар келді. Солармен бәріміз бас қосып отырып, ойларымызды ортаға салмақтық. Қазіргі кезде жеке-дара өмір сүріп отырған халық, ұлт не мемлекет жоқ. Сондықтан, бұл мәселелерді бірлесіп отырып шешуге тұра келеді. Сол себепті де бұл конференцияның бізге берері мол деп ойлаймын.

Халид Сатылмыч Йылмаз, Сүлейман Демирел университетінің Бас хатшысы:

Бүгінгі конференциямыздың тақырыбы «Мәдениеттер тоғысындағы тіл, әдебиет және аударма мәселелері» болғандықтан, негізгі мәселелер мәдениеттер арасындағы ынтымақтастық, бірлестік жайлы пікір, тәжірибе алмасуға арналған. Конференция дәстүрлі түрде осы жылы екінші рет өткізіліп отыр. Өткен жылы алғаш рет ұйымдастырған едік, өз көңілмізден шықты. Мәдениеттер арасындағы ынтымақтастық – қазіргі кездегі өзекті мәселе. Сондықтан, біз университет әкімшілігі шетелдік ғалымдарды шақырып, солардың пікірлерін тыңдап, жақсы нәтижелер шығаруға талпындық. Біздің университет халықаралық университет болғандықтан, Түркиямен жақсы қарым-қатынас орнатылған. Сол себепті басқа елдермен байланыста болып, халықаралық конференция өткізуге шешім қабылдадық. Осы бастаманың нәтижесінде өз мақсатымызға жеттік деп ойлаймын.

Ұлан Еркінбаев филология ғылымының кандидаты, Сүлейман Демирел университетінің оқытушысы:

Қазіргі уақытта бүкіл гуманитарлық ізгілендіру ғылымында күрделі өзгерістер жүріп жатыр. Солардың бірі – сөз онсіндегі құндылықтардың өзгерісі, яғни жаңа құндылықтар жүйесін қолдану. Дәстүрлі конференцияның мақсаты – әдебиеттану саласында бірнеше ғылым салаларын меңгеру, құрылымдық лингвистиканың антропоцентристік парадигмаға ауысуы, ақпараттық жүйе секілді мәселелер жөнінде пікір алмасу. Көтерілетін мәселе – жаңа заманға сай адам тұлғасын қалыптастыру. Ақпараттық заман тілі, діні бөлек адамдардың парасатпайымы, ой-пікірі ортақ болуын талап етеді. Сондықтан, бүгінгі Сүлейман Демирел университеті мен «ДА» Еуразия Диалог Платформасының ұйымдастырып отырған игі жұмысы – құттарлық мәселе.

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасында өткізіліп жатқан ұлттық және жалпыадамзаттық рухани құндылықтар туралы бас қосулар арқылы адамзат ұрпақтарының өзара ынтымақтастығы да, адамгершілік, имандылық сенімдері де нығая түсетіні ақиқат.

Лаура БАҚТЫБАЙ,
арнаулы тілшіміз.

АЭД ГОМЕР ПОЭМАСЫ ЖӘНЕ ОНДА ҚАЗАҚТЫҢ ЭПИКАЛЫҚ ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ КЕЙБІР СЮЖЕТТІК ФРАГМЕНТТЕРІНІҢ ОРЫН АЛУЫ

Одиссей Троя құлағаннан кейін отанына ұзақ уақыт орала алмай, 10 жыл бойы сенделіп жүреді. Оның басынан өткен небір қиындықтар мен шытырман оқиғалар тізбегі **Гомердің «Одиссей»** поэмасында жырланады. Трояның іргесінен Итакаға қайтып келе жатып, төбе көзді киклоп Полифемнің көзін ағызып жібергені үшін әкесі Посейдонның қаһарына іліккен Одиссей ұзақ уақыт бойы туған жеріне жете алмай, азаққа түседі. «Одиссей» поэмасының оқиғасы басты кейіпкердің қасындағы сенімді серіктерінен айырылып, ақыры **Огигия аралындағы (Огигия аралын элладалықтар оны теңіздің дәл ортасында, Грекияның батыс жағалауында деп есептейді) үр қызы Калипсоның** қолына барып түсетін сәттен бастау алады. Калипсоның құдіреттілігі сондай, ол адамға мәңгілік өмір сыйлап қана қоймай, сиқырлықтың түрлі құпиясын меңгерген әккі әйел еді. Ол Одиссейді сегіз жылдай өліне жібермей қолында ұстайды, тек құдайлар кеңесіндегі, Афина - Палладаның өтініші бойынша, Посейдонның ұлы Полифемді соқыр қылғанына қарамастан, оны Итакаға қайтару жөнінде шешім қызу қуатталады. Гермес Зевстің хабарын көзді ашып-жұмғанша Калипсоға жеткізеді. Калипсо сегіз жылдың ішінде жан-тәнімен Одиссейді жақсы көріп қалғандықтан, оны азғырып, Огигия аралында мәңгілік ғұмыр кешуін өтінеді. Бірақ отанын сағынған Одиссей қайткен күнде де Итаканың жағасын көріп, сүйікті Пенелопасын, ержеткен ұлы Телемахты беттерінен бір сүйсе, армансыз елер едім деп жүрегі қарс айырылады. Одиссей Калипсоның рұқсаты бойынша, төрт күн бойы беренеден сал құрастырып, жолына азық алып, 8 жыл бойы тұрған аралмен қош айтысып, ашық теңіз бетіне шығады. Теңізде он сегіз күн жүзген Одиссей **феакийліктердің (мифтік халық, ежелгі гректердің түсінігінше, теңіздің батысындағы арал тұрғындары, теңізде аса жылдам жүзудің асқан шеберлері саналады)** аралын көреді. Сол аралға салын бағыттап жүзбек болғанда, эфиоп елінен қайтып келе жатқан Посейдон Одиссейді көзі шалып қалып, адам айтқысыз дауыл тұрғызады. Алып толқындармен үш күн алысқан Одиссей. Афина-Палладаның мейірімі мен теңіз тәңірісі Левкотейяның көмегімен Феакия аралының жағасына жетіп, құрғақ жапырақтардың үстіне барып құлап, қалың ұйқыға кіріседі. Афинаның құдіреттілігі арқасында, жағада Феакия патшасы Алкинойдың қызы Навсикая әбден қалжыраған Одиссейді тауып алып, тамақтандырып, үстіне киім беріп, тек қамал қақпасынан бөлек кіруін ескертеді, өйткені ұзатылмақ қалыңдықтың бұл қылығын айналадағы адамдар дұрыс қабылдамауы мүмкін. Ал, сарайға кіргенде, шешесі, ақылды Аретаға тағзым етіп, көмек сұрауы керектігін айтып, өзі алдыға шығып



Мұратбек ИМАНҒАЗИНОВ.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің қазақ филология кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы.

кетеді. Көп ұзамай, артынан ерген Одиссей сарайға кіріп, Навсикаяның айтқанын орындап, Алкинойдың зор қошеметіне бөленіп, басынан өткен оқиғасын патша сарайында ортаға салады. Алғашқы оқиғасы — кикондар мен лотофагтар еліндегі қиян-кескі шайқастары, талай серіктерінен айырылуы, ұзақ жүзіп, өзінің сенімді адамдарымен мейірімсіз циклоптардың өліне жеткендігін баяндайды.

Циклоп (кейде киклоп деп те айтылады. Жалғыз, төбе көзді дәу) – ежелгі халықтардың мифологиясында жиі ұшырасатын кейіпкерлердің бірі. Гректерде микен дәуірінен бастап, мифологияда, ірі құрылыстағы үйлердің қабырғаларына бедерлеп салынатын ескерткіштердің біріне айналды. Мәселен, гректердің түсінігінше, Арголида, Беотия, Эпир, Аркадия сияқты ірі қалаларда салынған **циклоптық құрылыс** (Ликийдан келгендер циклоптарға зәулім плиталар салған, соған байланысты

сол құрылыстарды «циклоптық құрылыстар» деп атайды) бейнелерге қарап, осы қалаларда өз уақытысында киклоптар тұрған болуы керек дегені түсінік қалыптасқан. Гомердің поэмасында Киклоп үңгірде тұратын, алып денелі, төбесінде жалғыз көзі бар, жер әңдеуді білмейтін, олимпийлік құдайларды мойындамайтын құбыжық түрінде бейнеленеді.

Гесиодтың «Теогония» поэмасында киклоп бейнесіндегі адамдар **Уран** мен **Гейаның** балалары, олар үшеу Бронт, Стероп және Арг дегендер. Уран оларды жер астында ұстаған. Тек Кронос киклоптардың көмегімен жер әлемді жеңіп алған соң олардың алып күштернен қорқып, жер астында темір құрсаумен ұстап отырған. Зевс оларды босатып, Гифесттің көмекшісіне айналдырып, өзіне найзағай отын тұтатып, қаһармандарға қару-жарақ соғу үшін пайдаланған. Басқа аңыздарда. Аполлон өз ұлы Асклепийді Зевстің өлтіргені үшін кектенгендіктен, киклоп тайпасын түгелімен қырып салған. Қазақтың көне дәуіріндегі аңыздарында киклоп, яғни жалғыз көзді дәу «Оғыз батыр» жыры мен «Қорқыт ата кітабында» айқын суреттелген «Оғыз батыр» жырында оны Қат немесе Қият деп атайды. Ол еңгезердей дәу қорқынышты, үрейлі аң еді. Малдарды, өл-жұртты жеп, халықтың зәресін алатын. Оғыз батыр Қиятты найзамен түйреп өлтіріп, басын кесп алады. Ал, «Қорқыт ата кітабындағы» Төбекөзге (Қорқыттың 8-жырында Дөңе-Гөз деп аталады) келсек, киклоп Полифеммен ұқсас жайттар мол кездеседі. Біріншіден, екеуінің дүниеге келу жайына келсек, «Одиссей» поэмасындағы Полифем теңіз тәңірісі Посейдон мен теңіз патшалығының қызы нимфа Тоостың баласы, яғни құдіретті құдай мен нимфадан туған перзент. Ал, «Қорқыт жырындағы» Дөңе-Гөз де су перісінің баласы (әкесі Асуз (Абыз) қожаның қойшысы). Екеуі де жарағушы құдіреттің тілегімен дүниеге келген бала болғандықтан, жер басып жүрген пенделерден өзгеше дене бітім алып, күшті, төбелерінде жалғыз көзі бар құбыжық түрінде бейнеленеді. Екінші ұқсастығы – адам етін жейтін жалмауыздағы, мешкейлігі. Үшінші ұқсастығы - екеуі де жаратушы құдайларды көздеріне ілмейтін. Бірақ, соған карамастан. «атса оқ өтпейтін, шапса қылыш кеспейтін» болмысты қасиетті шешелері нимфа, су перісі бойларына дарытады. Төртінші ұқсастық - «Одиссей» жырында, Одиссейдің алты серігін жалмап өзін ешкім де өлтіре алмайтынына сенімді Полифем ұйқыға кетсе, «Қорқыт» жырында Дөңе - Гөз де сол сенімде болып, ұйқыға кеткенде, Одиссей Полифемнің Бисат Дөңе-Гөздің істік ағашпен көздерін ойып алады. Бесінші ұқсастығы – екеуінің де өл-жұрттан қашық, үңгірде тұрулары. Жоғарыдағы сюжетке байланысты Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаеваның «Шоқан Уәлиханов – филолог» атты еңбегінде төмендегідей қызғылықты тұжырым келтіреді: «Мысалы «Грек әдебиетінің тарихы» деген кітаптан мынадай тұжырымды оқимыз: «Гомер эпосы ... әлем әдебиеті қорында жеке тұрған жоқ. Ол басқа халықтардың да эпостық шығармаларымен сабақтас... Сондықтан да қай халықтың болмасын, батырлық эпосының тууы мен сипаты туралы мәселені басқа халықтардың эпосынан бөліп, жекелеп зерттеуге болмайды».

Ш.Ш. Уәлихановтың «Манасты» зерттеуде Гомер

поэмаларын еске алуы, олардың кейбір сипаттары мен ерекшеліктерін басқа елдер эпостық шығармаларының туу процесіне де тән кейбір жалпы белгілерді анықтауы, салыстырулар көлтіруі кейінгі зерттеулерде жалғаса түсуі – қазақ ғалымының ой-тұжырымдарының тереңдігімен қатар өміршеңдігін, бағыттылығын аңғартады. Соңғы бір зерттеуде былай деп жазылған: «Манас» Гомердің «Илиадасындағыдай», карело-финдік «Калеваладай», оғыздардың ортағасырлық эпосы «Қорқыт ағаның кітабындай», өзінің негізінде халық өмірін суреттейді...»

«Жоңғария очерктері» еңбегінде Ш.Ш. Уәлиханов көптеген халықтардың аңыздары, легендалары, олардың кейбір езаға ұқсастықтары туралы айта келіп, «Одиссей» поэмасының жекелеген бөлімдерін тағы да еске түсіре кетеді: «Азия көлемінде, - дейді Шоқан, - бір жерден бір жерге ауысып жүретін аңыз-ертегілер, жырлар өте көп. Соның бірі – «Одиссея» жырында кездесетін жалғыз көзді дәу, яғни циклоп Полифем. Бұл аңызды қазақ даласы да біледі. Жалғыз-ақ мұнда циклоп адам жейтін дәу түрінде суреттелсе, Одиссейдің ролін Батырхан атқарады».

«Жалпы грек мифологиясына»... деп жазады Ш.Қ. Сәтбаева, – Полифем жиі ұшырасатын кейіпкер, ол теңіз тәңірісі Посейдон мен теңіз патшалығының қызы нимфа Тоостың баласы. ол адам қорқақ ұқсанысыз, маңдайында жалғыз көз бар қанішер алып, тұрағын мекені – үңгір, жейтіні – шикі ет, ішетіні - ешкі сүті Ш.Ш. Уәлиханов атақты фин ғалымы Кастрен Лапландиядан осы тәріздес аңызды естігенін де, жазған да «Одиссеядағы» циклоп Полифемді еске алған. Жырдың бұл бөлімі филологтарға белгілі, дегенмен қазақ ғалымы әдейі еске түсірген осы аңыздың мазмұнына тоқтала кету артық болмас.

Троя қаласының жеңілісінен кейін Одиссей батырдың және оның қасындағылардың еліне қайтуы он жыл шамасына созылады. көптеген қиындықтарға, уақиғаларға кез келеді. Одиссей оның қасындағы жолаушылардың басынан көшпеген қым-қуыт оқиғаларын суреттеуге «Одиссея» жырының бесінші өлеңінен бастап он үшінші өлеңіне дейінгі бөлімдері арналған да, тоғызыншы өлеңі Одиссейнің Полифем үңгіріндегі әрекеттерін әңгімелейді.

Көптеген уақиғаларды бастан көшірген Одиссей мен қасындағылар киклоптар-циклоптар еліне тап болады. Грек мифологиясында маңдайының ортасында жалғыз көзі бар дәу алып тағылар өлі бар да, олардың ең ірі әрі адам жегіш күштісі – жалғыз көзді дәу Полифем. Полифем Одиссейдің қасындағыларының алтауын жеп, қалғандарын да жою, жеу мақсатында болады, оларды қиын жағдайда ұстайды. Бір күні Одиссей Полифем тұтқынынан өзін де, қалған жолдастарын да құтқару мақсатымен Полифемді фоакийлік шарап ішкізіп, мас қылады да, қызған темірмен оның жалғыз көзіін шығарады. Тұтқындағылар Полифем үңгіріндегі қой мен ешкілердің жүнінен ұстап, кейбірі құшақтап, үңгірден шығады. Жалғыз көзден айырылған Полифем бақырып, зарлап, дауыстап басқа циклоптарды шақырады, көзін алған «біреу», оны ұстап өлтіруді өтінеді. Полифемнен Одиссей өз атын айтпай жасырып, аты «біреу» деген болатын. Кемеде кетіп бара жатқан Одиссейді циклоптар

көріп, ұстай алмағандарына өкінеді, бірақ Полифем өзінің әкесі Посейдонға хабарлап, теңіз тәңірісі жолаушыларға қаһарын төгуді, дауылды күшейтіп, олардың өліне қайту жолында қиындықтарды, кедергілерді көбейтуін сұрайды. Полифем мен Посейдон жолаушыларды өліне жеткенше талай қиындықтар мен кедергілерге ұшыратады солардың бәріне Одиссей тезіп, ақыл-айла, күш-қуат, тәжірибе мен тапқыштығы арқасында құтылып, аман-есен өліне келеді «Одиссея» жырында уақиға одан әрі қарай жалғаса түседі.

Грек мифологиясында Полифем туралы басқа да миф, легенда бар. Мысалы, соның бірі грек жазушысы Феокриг Полифемді жалғыз көзді момын бақташы ретінде суреттейді. Ол нимфа Галатееға гашық болғанын естіп, қыздар мазақ етеді. Галатее орман тәңірісінің баласы Акидті ұнатады. Полифемде кек алу, қанқұйлы кек алу сезімі пайда болады да, Акидті аңдып жүріп, үстіне үлкен тастар құлатып, езіп өлтіреді. Қайғыға ұшыраған Галатее өзінің бақытсыз ғашығын ғажап, мөлдір өзенге айналдырады да, оны есіне алып, өзен жағасына оның мөлдір тазалығына сүйсініп келіп жүреді.

Жоғарыдағы деректерде көрсетілгендей, қазақ мифологияларындағы ертектерде, аңыздарда жалғыз көзді дәу, адам етін жейтін жалмауыздардың жиі ұшырасатыны анық. Мәселен, «Қазақтың мифтік әңгімелері» атты еңбектегі «Жезтырнақ» аңызында мерген Шора батыр сауық құрып жүріп, ақ нарға мінген, тап маңдайында бір көзі бар бір адамға кезігеді.

Аңыздағы сюжет Одиссейдің басынан өткерген оқиғасына дәп келетін жайттар ара-тұра кездеседі. Айталық, Полифемнің жейтіні - қой мен ешкінің, адамның шикі еті болса, мұнда да Жалғыз көзді адам қой мен ешкінің, адамның етімен қоректенеді. Жалғыз көзді адам Полифем сияқты үңгірде тұрып, Шора батырдың қасындағы серіктерін бірінен кейін бірін жей бастайды. Полифем Одиссейді ең соңынан жемек болса, Жалғыз көзді адам да Шораны соңында жеу үшін қалдырады. Циклоптың көзін Одиссей ұшы үшкірленген ағашпен шығарса, Шора батыр Жалғыз көзді адамның көзін сүймен темірді отқа күйдіріп, әбден қызарғанда көзіне екіпіндетіп салып жібереді. Көздері ағып кеткен дәулер өзіне залал келтірген адамды ұстап алып, өлтірмек болғанда екі сюжетте де, сыртқа жайылымға шығатын қой-ешкілердің терісін жамылып немесе астына жабысып аман-есен далаға шығады. Екі сюжетте де Полифем де, Жалғыз көзді адам да көздері ағып кетсе де, жандары аман қалады.

Полифем мен Жалғыз көзді адамдардың қазақ ішінде ерте кезде-ақ белгілі болғандығы туралы төмендегі фольклористер мен зерттеушілердің еңбектері дәлел бола алады. Мысалы, Л.С.Бергтің 1915 жылы «Этнографиялық шолулар» журналында «Циклоп туралы қазақ әңгімелері» атты мақаласы мен Н.О.Остроумовтың «Этнографиялық шолулар» журналында «Полифем (жалғыз көзді) туралы сюжеттің жана варианты. «Қазақтар әңгімелері» деген еңбектері жоғарыдағы ойымызды қуаттайды.

АДАМ ТАҒДЫРЫНДАҒЫ ТРАГЕДИЯЛЫҚ БОЛМЫС

(І.Жансүгіровтің «Күйші» поэмасындағы трагедия көрінісі)

Әдебиет – тіршіліктің, қоғамдық өмірдің ілесіп шөжіресі, айнасы ғана емес, сол қоғамдағы адамдардың өмір танымын қалыптастыратын, дүниеге көзқарастарын дамытатын көркем құрал. Оның таным тарапындағы мәні де, тәрбиелік қуаты да сол құралдың көреметтей шешуші сырына негізделеді. Ол – көркем әдебиеттің эстетикалық мәні, яғни әрбір көркем шығарманың құндылығы оның адам сезіміне, түсінігі мен түйсігіне ойын қозғар әсерімен өлшенеді. Өмір құпиясына терең бойлай білген жазушы ғана оқырманын сан алуан көңіл-күйіне еліктіреді: қуантады, жылатады, толғандырады. Сол сезім арқылы оқушының көңіл түкпіріндегі ойды қозғайды, санасына өшпес із қалдырады. Әрине, мұндай сипат кез келген өнер туындысында ғайыптан пайда болмайды. Ол жазушының

Ш. ОРАЗБАЕВ,

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті

қажырлы еңбектенуінің, талмай ізденісінің арқасында мүмкін болады. Мұндай шеберлік тұма таланттың қажымас-қайрат жігері нәтижесінде қалыптасады, дами-ды. Еркіндік пен құлдық, махаббат пен зұлымдық, өмір мен өлім, пәни тіршілік пен мәңгілік өнер арасындағы күрес тақырыбына барып, Ілияс Жансүгіровтің терең мазмұндағы, көркем идеялы, үздік туындыларының бірі – «Күйші» (1934) поэмасын тудыруы – ақын шығармашылығындағы шұғылалы сәттердің бірі.

«Күйші» поэмасы негізінен он жеті тараудан тұрады. Кең көлемді шығарманың өлең формасы да өзгеше, бастан-аяқ а-а-б-а түрінде келетін, қара өлең ұйқасына құрылған, байырғы халық құлағына әбден сіңісті, он бір буынды, төрт тармақты шумақты пайдаланған.

Поэманың тілі жатық, қолыңа алып оқыған сәттен бастап, буыққаннан теңіз толқынындай өз құшағына тартып ала жөнеледі. Өлең ұйқасы да керемет құрылған. Арқадан көшіп Алатауға беттеген хан Кененің ордасынан бір-ақ шығамыз Қазақтың аристаны атанған Абылайдың ұрпағын сыйлаған қалың жұрт ханның көлуін ұлап-шулап қарсы алып, ғой қылып, ерулікке бие сойып, ат сыйлап, белдеуге атан байлап жатыр. Осындай күнде той, күнде жиынмен масайрап, мәз болған хан ордасына Сарыүйсін руынан шыққан бір жігіт келеді. Жалғыз шешесі бар. Кедей. Ерулікке берер малы, сыйлар дүниесі жоқ. Ешкім оның атын да айтпайды.

Күйші дейді. Оның малы, дәулеті, байлығы – күй ілті азан айтып қойған ныспысы да ұмытылып күйші атанған. Сол Күйші хан ордасына бай мен бек, би мен датқа, шешен мен майталмен әкелмеген қуаныш, рахат, ләззат сыйлап отыр. Тоқсан тоғыз зарлы күй, ащы күй, тәтті күйді лақылдатып, төгіп-шашып, біресе жүрек жарып, біресе көңіл шымшып отыр. «Асанқай-ты», «Төрісқақпай», «Сары өзен», «Бозінген», «Қаражорға», «Қорамсақ» күйлерінің мың сан әуезді алыс сарында-ры тіріліп, көз алдына Алатау, Алтай, Арқа, Қыр Сыр төсінде өткен ескі оқиғалар келеді. Қоңырау күйлер, дабыл күйлер, бота күйлер тартылады. Сондай сиқырлы дыбыстар әсерінен тау-тас, күн, бұлт түгел мағжырап, тыңдаған жұрт тырп өтпей, рақатқа батады.

Естіген жанды тылсымдай баурайтын осындай киелі өнер иесі Күйшіге хан Кененің қарындасы Қарашаштың көзі түсіп, көңілі кеткен соң басы бүгін сұрап алады. Көзінен жасы сорғалап, еркінен айырылған бақытсыз Күйші зарлап кете барады. Құлағында хан Кененің «Сатса да, сойса-дағы өз еркінде», – деп Қарашашқа айтқан сөзі.

Кешегі еркіндік, бостандық жоқ, енді Күйші ханша Қарашаш қолында, рас, су тасып, отын жақпайды, жау құмайды, бар істейтін – күй тарту.

Жымың қағып, сылқ-сылқ күлген жолбарыс, қылышынан қан тамған хан Кененің жарлығы екі болмайды. Өңі ме? Түсі ме? Не жазығы бар? Неге бұлай зорлық жасайды? Күйшінің жанын күйдіріп, жүрегін тілгілеген бұл сұрақтарға жауап жоқ. Үйін қашан көреді? Жалғыз шеше не болмақ? «Оны күй біледі!» – деді ғой Қарашаш. Күн артынан күн, ай артынан ай өгіп жатыр. Күйші Қарашаш қолында.

Поэманың негізгі арқауы Қарашаш пен Күйші арасындағы терең психологиялық тартысқа, адам сезімдерінің алапат шарпысуына құрылған. Әуел бетте азаттықтан айырылып, құл болдым деп азалқа түскен іші-сырты зер кестелі, жібек, жаннат, алтын, күміске толы Қарашаш отауындағы жиһаз оның көзінен жауын алып, бұрын айдаһар санаған ханша енді «қара қас, қалың қабақ, ордадағы сырықтай, бойы сымдай балға ашытқан қымыздай» болып көрінеді. Біресе ақ қоян, біресе көр марал, біресе қызыл түлкі боп елестеген сұлу, енді Күйшінің есін тандырып, көкірегіне ғашықтық

отын жағады. Бұрынғы ескі сарынды күйлер тоқталып, кенет сұрапыл жаңа тасқын жөңкілді. Ақын творчество психологиясын, өмірге музыкалық шығарма әкелген шабыты сәтті былай бейнелейді:

Жіберді бір мезетте қағып-қағып,
Тасқындап тыңнан бір күй қосылды ағып,
Байырғы тоқсан күйдің бірі де жоқ,
Жаңа күй, жаңа жолмен кетгі лағып.

Ал, Күйшінің шабытты шақтағы портреті қимыл-әрекет арқылы, динамикалық қозғалыс үстінде, жанды калпында беріледі:

Саусақтар ойнап, орғып, қаздаң қағып,
Суырып шек тілін, мұңын шағып,
Жүйріктің шыны күйі келгенінде,
Шығаннан шыға шаппай тұрсын неғып
Асқақтап, кейде күйді көкке өрлеп,
Алыстан, шырқап, сілтөп, өрі кетіп,
Қайырып, қалықтатып, қайта оралып,
Бірден-бір, ақырын-ақырын төмендетіп,
Ызғытып, өлке ерлетіп, баяулатып,
Соқтырып кейде боран дауылдатып,
Көңілдің асқарында тұманды айдап,
Артынан несерлетіп, жауындатып...

Күй ырғатын, музыка өуенін дәл бейнелейтін, үсті-үстіне түйдектеле, тасқындай төгілетін үдеме сөз тіркестері, градация арқылы ақын оқырманға тажап өсер етеді. Төреден шыққан сұлу қызға әбден көңілі кеткен Күйші басындағы сезім голқындары, психологиялық сан алуан тебіреністер, ұшқыр қиялдың шалқуын бейнелейтін көріністерде фантастикалық шалқу бар.

Сондай сәттерде домбырашы жігіт түлкі алатын құмай тазы, аққуға түскен тұйғын, құс кеп киген періге де айналып, сұңқардай сұлу қызды Алатаудың үстіне алып ұшып, құшып та жатады.

Жел болып жаралса, бетінен сүймек; су болып жаралса, шомылдырмақ; от болып жаралса, жылындырмақ; қымыз болып жаралса, оймақтай аузына жұтылмақ; ілті алтын, күміс болып жаратылса, қолына салар білезік болмақ.

Ғашықтық отынан осылайша күйін-жанып, шексіз қиялға берілген Күйші ақыры қызыл-жасыл арман, елес бұлтының арасынан жерге түседі. Қарашаш – төре, бұл – Сарыүйсін. Екеуінің арасында отқал бормес асу, шыңырау ор бар. Өлеуметтік теңсіздік, таптық айырма жатыр.

Күй күдіреті Қарашаштың бойын билеп, ішіне от тастап, есінен тандырып, ақыры «осы Күйшіге тисем бе екен» деген ойға әкеледі. Жоқ! Бұл бір сиқырлы, тылсым дыбыстар қинаған сәттегі, жынданып ауыргандай халдегі осалдық. Әйгінесе, хан тұқымынан шыққан асау сұлу қайдағы бір тексіз қараға барып, сүйегіне таңба салдырар ма?!

Ғашықтық оты жүректерін күйдіріп, жандарын қайда қоярларын білмей рухани арпалысқа түскен Қарашаш - Күйші арасындағы психологиялық ішкі тартыс желісін кенеттен болған оқиға бұзады.

Күллі Дулатқа аты әйгілі Әлімқұл датқаның ұлы Сапақ та –өзіңше сері, сылқым, құрық бормес асау. Сол ерің қара түнді жамылып келіп, Қарашашты оятам деп, пәлеге қалады.

Сезім тұтқынына түскен есіл Күйші өңі қайсы түсі қайсы, шыны қайсы, қиялы қайсы – ажыратудан қалған. Қарашаштың төсегінің қасына барған өзім екен деп, енді басымды алдаспанмен бір-ақ шауып алар деп зәре- құты қалмайды.

Ақын қарадан шыққан жігіт Сапақ бізді басынды деп, хан Кененің әскерін аяғынан тік тұрғызған Қарашаш әрекеттерін ел басына түскен зобалаң, жұртқа келген кесепат ретінде суреттейді. Бозбаланың болымсыз бір қылығына бола, күллі елді қынадай қырып тастағалы отырған ханзадаға Кене қой демейді, болтірікке бөрі ырық береді, арыстан тісі ақсиып, сырттан барлап отырады. Сең үстінде ұйлыққан қойдай қорыққан ел бір жақта, сірі садақ, алдаспан, алмас қылыш асынып, зеңбірек сүйреткен қалың қол екінші жақта. Ақыры амалы құрыған, қалың жұртты босқа қырғызғанша, жалғыз құрбандықпен пәлекеттен құтылмақ болған Үйсін, Дулат Сапақтың бет-аузын аластап, күйелеп, майлап, мойнына масқаралап, құрым байлап, тыр жалаңаш шешіндіріп, жаяу айдап Қарашаштың алдына алып келеді. Қазір жалғыз ұлының басын кесіп алғанда, көк құлап жер жарылып кететіндей болып, көзінен сора-сора жас ағып Өлімқұл тұр. Сонда көңілі тынған, бұдан былай ел-жұрт қорқып, бағынып жүрсін деп ойлаған Қарашаш: «Қайтейін қылышымды қандап соған. Көбіңе қидым», – деп Сапақты өлтірмейді.

Осы оқиғаны бастан-аяқ көзімен көрген Күйшінің ішкі әлемінде орасан зор өзгеріс, жаңа, жігерлі серпін пайда болады. Жүрегі суып, қаны қараяды. Тәтті, мұңлы, сырлы күйлер тыйылып, қанды, жаралы, өлімді күйлер тартылады. Аңнан аң қоймай, қомағайлықпен көзіне түскенді қыра берген Арша мерген ақыры жалғыз ұлын атып алып, қанға бөгіп жатыр. Бұдан кейін тағы да өлімді күйлер сорғалайды: «Атылған аққу», «Күйген», «Суға кеткен». Бұрын махаббат әлдиімен Қарашаш жүрегін тербететін сезімді күйлер бір жаққа мүлде көшіп кеткендей, оның есесіне, түйе болып боздаған, бебеулеп, безілдеп, мұңданып, жамыраған сарындар қаптады. Кеше Күйші көзін байлаған, сұлу санаған Қарашаш шөп желке, шолақ бұрым, қотыр-қотыр албасты секілденіп

көрінеді, біресе сұр мегежінге біресе жиырылған кесірткеге айналып кетеді.

Күйші көңілінде Қарашашқа деген сезім атаулы түгел өшіп, өшпенділік, қарсылық, жек көру дауылы көтерілген Ысқырған домбыра от шашып, кекті кіжінген, зілді, ашулы, қаһарлы дыбыстар ханзаданы үй-орманымен қосып өртеп, күлін көкке ұшырып жіберердей.

Күй әсерімен, музыкалық әуеннің сарынымен ақын Күйші – Қарашаш арасындағы тартысты махаббат пен зұлымдық шайқасының сұрапылы ретінде бейнелейді. Поэмада ондаған күйлердің әлеуметтік мәні, тарихи негіздері, эстетикалық нысанасы ашылады, олардағы образдар, суреттер айқындалады. Әділетсіздікті, зорлықты тізе бүктіретін ұлы күш, бостандыққа, азаттыққа апаратын зор қайрат – өнер деген идеяны ақын тамаша суреттер, поэтикалық көркем образдар арқылы терең голғап, кемел суреттеп жеткізіп берген.

Қысқасы, «Күйші» – өлімді, зұлымдықты жеңген өнер құдіреті туралы. Ілияс Жансүгіровтің жазушылық кемелденуінің сапалы бір белгісі қазақ халқының жаңарған өміріне, өткен оқиғаларды бейнелегенде, даму, өзгеріс процестеріне тарихи тұрғыдан қарап, әлеуметтік-қоғамдық проблемаларды жеке адамдардың тағдыры, нақты, реалистік көркем образдар арқылы бейнелеуінен көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нұрғали Р. Драма өнері. Алматы, 2004. 135-146-б.б.
2. Әбілқажов М.І. Жансүгіровтің драмалық шығармаларындағы тартыс пен қаһарман. Фил. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. 2003. 26-б.
3. Жансүгіров І. Шығармалар – Алматы, 1996. 241-252-б.б.

РЕЗЮМЕ

В данной статье раскрывается трагедия поэмы «Кююши» И. Жансугурова.

Современная литература Украины

Современная литература Украины развивается в русле мирового литературного процесса. Основными жанрами рубежа XX-XXI веков являются проза, поэзия и драматургия. В 90-е годы XX века в украинской литературе четко прослеживается тенденция издания антологий прозы и поэзии как оригинальных, так и переводных, отражающих общую панораму жанровых, тематических и стилевых поисков. Все антологии современный литературовед-компаративист О.И. Палета подразделяет на 3 вида: оригинальные, из-

С.В. АНАНЬЕВА

данные на Украине, увидевшие свет за пределами Украины; переводные, изданные за пределами Украины [1, с.286]. При этом обобщает их как «литература для своих» и «литература для других». Это деление откры-

вает новые перспективы для компаративистских исследований.

Принцип создания поэтических антологий

Неполнота антологий обуславливается немногочисленностью или малодоступностью литературного материала, но В. Махно в антологии «Дев'яностки» стремится представить читателям весь спектр новой украинской поэзии, независимо от школ и направлений [2, с.206].

Творчество поэтов И. Андрусика, С. Руденко, А. Кохотюхи, В. Даниленко, Е. Барана представлено в антологиях «Дев'яностки. Поетична антологія нового покоління» (1994), «Молоде вино» (1994), «Іменник» (1997), «Квіти в томній кімнаті» (1997), «На добранок, міленшум!» (1999). Но подобные антологии предназначены «для чтения уже прочитанного» [1, с.288].

В подтверждение О.И. Галета приводит цитату из «Малой украинской энциклопедии актуальной литературы «Глерома 3'98»: «Постмодернистская эпоха актуализирует энциклопедию как способ противостояния индивидуальности глобальному информационному пространству. На смену академичной энциклопедии, с ее смешной претензией «охватить все» и пассивно отразить, приходит персональная энциклопедия (демиурга)...

Текст – это Я» [3, с.10-11]. Несмотря на существование различных литературных течений, последователи их остаются индивидуальностями, каждый являет собой целый мир и обречен на одиночество.

Периодизация украинской литературы

В истории украинской литературы выделяется киевская эпоха, византийский тип литературного творчества и т.д. Литературоведы Украины предлагают следующую периодизацию литературы.

1. Средневековый период и развитие старокнижной традиции. Шедевры этого времени – полемические произведения Ивана Вишенского, Мелетия Смотрицкого, Феофана Прокоповича и других.

Особое место в истории украинской литературы занимает творчество Григория Сковороды (1722-1794 гг.). Украинский Сократ, путешествуя по Украине и странам Центральной Европы, осмысливал проблему счастья через раскрытие божественной сущности человека.

2. Формирование новой украинской литературы. Появление новейшего литературного украинского языка и начало современной украинской литературы связано с созданием Иваном Котляревским бурлескно-трагедийной поэмы «Энеида» (конец XVIII в.). Традиция продолжена членами харьковского кружка

П. Гулак-Артемовским, Е. Гребенкой и другими. Г.Квитка-Основьяненко является основоположником украинской художественной прозы.

XIX век – эпоха становления национального самосознания. Поэтический сборник «Кобзарь» (1840 г.) Т.Г. Шевченко символизирует провозглашение литературной и интеллектуальной независимости украинцев. В этот период завершается процесс формирования украинского литературного языка. Имя Тараса Шевченко стало символом украинской культуры в мире, таким как имена Шекспира, Гете и Пушкина.

Литературный процесс второй половины XIX века развивается под влиянием плеяды талантливых писателей – Ивана Нечуй-Левицкого, Марко Вовчка, Панаса Мирного, Михаила Коцюбинского, Ивана Франка, Ольги Кобилянкой, Бориса Гринченко и других. Этот период в развитии национальной украинской литературы характеризуется многообразием художественных направлений и стилей. Характерно многообразие жанров – от эпических романов и повестей до новелл, фельетонов, рассказов и т.д. Зачастую писатели этого периода выступали как политические и просветительские деятели, слово которых влияло на народные массы.

Поистине универсальной личностью является Иван Франко – поэт, прозаик, драматург, журналист, литературный критик, теоретик литературы и переводчик. Он один из первых перевел на украинский язык произведения Гете, Гейне и Байрона.

Леся Украинка и Михаил Коцюбинский, яркие и самобытные художники слова, испытали на себе влияние европейского модернизма. Леся Украинка осталась в истории родной литературы как превосходный переводчик и поэт.

3. Советский период в истории украинской литературы характеризуется, с одной стороны, невиданным расцветом различных художественных школ и направлений от радикального пролеткульта (В. Блакитный, Г. Михайличенко, М. Хвильевой) до футуризма (М. Семенко) и неоклассицизма (Н. Зеров).

В 80-е годы XX века в украинском литературоведении появляется новый термин – «растрелянное Возрождение», предложенный литературоведом Ю. Лавриненко. С конца 1980-х годов термин является общепринятым в украинском литературоведении, школьных и вузовских курсах.

Писатели и поэты сами избирали свой творческий и жизненный путь. Одни пошли по пути написания программных произведений с целью прославления Советского Союза, тоталитарного строя, КПСС (Павло Тычина, Микола Бажан и другие). Тем же из них, чье творчество затрагивало темы, не укладывавшиеся в общепринятую тематику и проблематику, оставался выбор: самоубийство (Хвильевой), репрессии и концлагеря (Б. Антоненко-Давидович, Остап Вишня), замалчивание (И. Багряный, В. Домонтозич), эмиграция (В. Винниченко, Е. Маланюк).

Особое место занимает творчество шестидесятников, передававших дух свободы и независимости. Это В. Стус, Л. Костенко, В. Симошенко, Г. Тютюнник, Д. Павлычко, И. Драч и другие. В то же время произведения П. Тычины, М. Рыльского, В. Сосюра, О. Довженко, О. Гончара воспевали общечеловеческие ценности и не потеряли своей актуальности и сегодня.

Вся история украинской литературы будет отражена в 12-томной «Истории украинской литературы». Сложный период конца XX века в республиках СНГ повлиял на положение в национальных литературах, которые обратились к своим истокам, фольклору, мифам и истории. Значительно укрепляет свои позиции постмодернизм.

Постмодернизм

Постмодернизм в литературе и искусстве – результат постиндустриальной эпохи. Для него характерны культ независимой личности, стремление к архаике, мифу, изображение реальной жизни как театра абсурда, апокалиптического карнавала. Игровой стиль произведений акцентирован на необычность противопоставлений и переплетения разных стилей повествования (высокий и сентиментальный, грубо натуралистический и сказовый). В художественный стиль включены элементы научного, делового, публицистического или их жанровые разновидности.

Сюжеты произведений состоят из легко узнаваемых аллюзий известных сюжетов мировой литературы предшествующих эпох. Заимствования наблюдаются не только на сюжетно-композиционном, но и образном и языковом уровнях. Присутствует образ рассказчика. Ирония и пародия характерны для прозы и поэзии постмодернистов, наиболее яркими представителями которых являются Ю. Андрухович, Ю. Издрик, О. Ульяненко, С. Процюк, В. Медведь, О. Забужко и другие.

Литературный журнал «Радуга»

В Украине издаются «толстые» журналы, литературно-художественные, альманахи, антологии. Одному из старейших русскоязычных журналов СНГ «Радуга» в 2007 году исполнилось 80 лет. Главный редактор Ю.Ковальский в статье «Многоцветье русского слова», открывающей новую рубрику «Нивы», размышляет об особом отношении к поэтам и прозаикам, пишущим в Украине на русском языке: «С одной стороны, их считают не совсем украинскими, а с другой, применительно к русской литературе, очень периферийными, так сказать, оторванными от языковых корней» [12, с.77]. Такое мнение Ю.Ковальский считает крайне ошибочным и вредным, называя талантливые имена – С.Славич, А.Недельский, Инна Мельницкая, Этери Басария, Валентина Ермолаева, Владимир Бушняк, Алексей Никитин, Андрей Курков, Ирина Лесовая, поэты Светлана Заготовая, Андрей Поляков, Елена Лаврентьева, Александр Кабанов, Леонард Тишинский, Сергей Шелковой, Ирина Евса, Александр Твердохлеб, Фантасты Марина и Сергей Дяченко, автор детективов Петр Катериничев. На русском и украинском успешно пишет Ирэн Раздобько.

На страницах журнала представлены рассказы А.Крыма «Последнее слово убийцы» и С.Лукьяненко «Поезд в Теплый край», подборки стихотворений Клавдии Билыч, Льва Смирнова и детские рассказы Елены Комовой «Одна собачья жизнь», «Почему носки полосатые».

Поэты продолжают линию экзистенциального усвоения реальности в поэтическом тексте. Поэзия предлагается в виде исповеди, зараженной драматизмом, исповеди очищающей. Эта исповедь позиционируется как единственная возможность возвышения над действительностью. Воображение остаётся единственным инструментом, который, придавая банальным жизненным ситуациям оттенок метафоричности, может и освободить от нее. Литературные журналы предлагают дебаты

по поводу национальной поэзии, что свидетельствует о ее высоком уровне и популярности. Лирическое «Я» придаёт воображению полную свободу.

Тема Казахстана в украинской литературе

Автор ряда публицистических книг «Думы о целине», «Хлеб и люди», «Поле без плуга», «Уроки Мальцева» Ф.Моргун в книге «Бессмертная душа Украины» искренне и доброжелательно пишет о родителях и Родине, годах оккупации, разоблачает блудливых и лживых историков, которые «остаются в неоплатном долгу перед правдой и народом» [18].

Воспоминания о казахстанской целине занимают в книге «Бессмертная душа Украины» особое место. Запоминаются колоритные образы целинников, преобразивших Степь, покоряет их воля к созиданию, сплоченность и дружба. Эти страницы согреты любовью к человеку-труженику и к казахстанскому краю. Это очень важно, потому что многое стало забываться: «А кое-что сознательно и незаслуженно ныне замалчивается. Однако нельзя, невозможно, просто кощунственно умалять или предать забвению великий подвиг тысяч и тысяч русских, украинцев, белорусов, немцев, казахов, вложивших колоссальный труд в могущество, славу, жизнестойкость, нынешний потенциал нашей огромной и прекрасной республики» [19, с.8].

При содействии Посольства Украины в Республике Казахстан издан сборник воспоминаний и документов «Казахстан-Украина дороги и перекрестки. 1917-2008 гг.», открывающийся вступительным словом Чрезвычайного и Полномочного Посла Украины в РК Н.Ф.Селивона: «В этой книге воссозданы образы удивительных людей, живших в различные эпохи... Я постоянно изучаю историю Украины и Казахстана, но и для меня в этом сборнике открылось много новых фактов. С огромным интересом узнал об удивительном переплетении судеб выдающегося генерала И.Панфилова и великого украинского поэта и мыслителя Т.Шевченко, которого помнят и почитают как в нашей стране, так и в Казахстане. Их гены соединились с генами известной казахской семьи Каралдиных-Байкадамовых, проявившись в талантливых потомках. Узнал о годах, проведенных в Алма-Ате в эвакуации известным украинским композитором М.Скорульским, о том, что в АЛЖИР была послана почти вся труппа Харьковского оперного театра... Публикуемые документы представляют возможность проследить благодатные истоки дружбы между братьями украинским и казахским народами, которую мы считаем аксиомой наших отношений» [21, с 4-5].

15-й ученик: 27 января 1944 года советские войска окончательно разбили фашистов под Ленинградом и полностью сняли блокаду города.

16-й ученик: Люди всех национальностей, вся огромная страна стала единым фронтом борьбы с фашистскими захватчиками. 520 землякам-казахстанцам присвоено звание Героя Советского Союза, 130 казахстанцев награждены Орденом Славы. Один из них, дважды Герой Советского Союза, генерал-майор Талгат Бигельдинов живет и здравствует в Алматы.

На экране фотография Талгата Бигельдинова с отдыхающими местной санатория «Ак-қайың».

17-й ученик: Вместе со всем советским народом сражались и работали на Победу и труженики Прикаспия. Из Гурьевской области 42 508 человек отправились на фронт защищать Родину, из них не вернулись 13 287 человек. В Ленинград и Сталинград из Гурьева только в суровую зиму 1942 года было отправлено 13 вагонов теплых вещей и продуктов.

15-й ученик: За проявленные храбрость и мужество 9 наших земляков были удостоены звания Героя Советского Союза. Это Каиргали Смагулов, Боран Нсанбаев, Мукат Мусаев, Иван Федорович Махорин. Четверо вернулись с войны кавалерами Ордена Славы. Наша землячка летчица Хиуаз Доспанова удостоена звания «Халык қаһарманы».

16-й ученик: Имена 13 287 человек, отдавших свою жизнь за Родину, занесены в Книгу Памяти Атырауской области «Боздактар». Им установлены памятники, мемориалы.

18-й ученик: 1945 год. Война пришла в логово врага. 1 мая над рейхстагом взвилось знамя Победы! 8 мая в Берлине подписан документ о безоговорочной капитуляции фашистской Германии. 9 мая Москва озарилась невиданным салютом — 30-ю залпами из тысячи орудий.

Хор исполняет песню «День Победы», муз. Д.Тухманова, сл. В. Харитоновна.

15-й ученик: Победа! Победа! Победа! После 1418 долгих дней поистине адской войны — Победа! Победа во имя мира и жизни на Земле!

16-й ученик: Но Победа досталась нашему народу очень дорогой ценой. В годы войны погибло более 27 миллионов советских людей.

Разрушено и сожжено 1710 городов и поселков, свыше 70 тысяч сел и деревень. Лишились крова 25 млн. человек. Материальный ущерб составил около 2 триллионов 600 миллиардов рублей.

13-й ученик: С каждым годом меньше и меньше остается ветеранов войны. Нам необходимо оказывать им помощь, заботу, уделять больше внимание. В преддверии большого юбилея необходимо обратить особое внимание на положение каждого из них, оказать необходимую помощь. Ведь они приближали этот великий день как могли.

14-й ученик: Прошу всех встать. Минутой молчания почтим память тех, кто отдал свои жизни в борьбе за мир и свободу на Земле, за наше с вами счастье!

Минута молчания.

17-й ученик: Вечная слава Героям! Вечная слава!

Вечная слава! Вечная слава героям!
Слава героям! Слава!

15-й ученик: Пусть мирно светит солнце, пусть зеленеют поля и цветут сады, пусть радуются дети! Это заветное желание каждого из нас, всех людей на свете. С праздником Победы, дорогие товарищи!

Звучит песня «День Победы», сл. В.Харитоновна, муз. Д.Тухманова.



Дважды Герой Советского Союза, генерал-майор Талгат Бигельдинов с отдыхающими санатория «Ак-қайың».

Справа от героя автор этой статьи Римгуль Нурмагамбетова.

Возможности мультимедийного кабинета

Дидактические принципы мультимедийного кабинета: это возможность реализовать подлинную индивидуализацию обучения и организовать обучение как управляемый процесс.

Индивидуальные особенности восприятия, памяти, внимания проявляются на всех этапах формирования умений, навыков, однако возможность и необходимость учета этих особенностей на разных этапах урока неодинаковы. Учитель, работая с классом в обычных условиях, справляется с объяснением нового материала и может проследить, как его поняли учащиеся. При необходимости он может повторить объяснение для определенной части школьников. Следующим является этап осмысления и применения учащимися нового знания при выполнении учебных действий. Индивидуальные различия учащихся на этом этапе обучения проявляются наиболее сильно. Одному нужно постоянно обращаться к ориентировочной основе, другому она не нужна; у одного переход к автоматизированному действию совершается быстро, у другого медленнее.

Осуществить столь необходимую на данном этапе индивидуализацию обучения, а также своевременный контроль и коррекцию действий учащихся помогут электронные учебники, если ПК обеспечены обучающими программами. Если ученик не справляется с заданием, он может выполнять его столько раз, сколько потребуется для достижения результата.

Компьютерные обучающие системы предназначены для предъявления полной или выборочной учебной информации (справочный режим, режим повторения, режим консультаций), индивидуализированного управления учебной деятельностью обучаемых, научной организации труда учителя. ПК дает возможность постоянно наблюдать за качеством знаний, умений и навыков учащихся.

Осуществляют качественный анализ учебных действий, в случае затруднений оказывается необходимая помощь. Новизна работы с электронным учебником вызывает у детей повышенный интерес к работе, усиливает мотивацию учения, а цвет, мультипликация, музыка, звуковое сопровождение способствуют расширению возможностей подачи информации.

При выполнении тестовых заданий ученик видит собственные пробелы в знаниях, старается исправить их, пользуется справочными материалами, опорными таблицами. Задания направлены на развитие логического мышления.

Прослушивание текстов способствует развитию познания, нравственному воспитанию.

Наилучшие результаты в обучении второму языку достигаются при создании игровой ситуации. Например, в 7-м классе соединяют фразеологизмы-омонимы

Алия КОЯНБАЕВА,
учитель ОШ им. М. Дауленова,
г. Зайсан, Восточно-Казахстанская область.

или переносят в один ряд антонимы, синонимы. При выполнении заданий по теме «Местоимение» цветы-местоимения помещают в разные вазы (по разрядам).

В 10-м классе прослушивание текста «По музеям Москвы» способствует знакомству с культурным наследием российской столицы.

Выполнение заданий по грамматике («Имя существительное») помогает закрепить понятия о склонениях, родах, трудных случаях склонения имени существительного.

Структура электронных учебников

Изучаемый материал разбивается на отдельные блоки: Чтение. Словарь. Грамматика. Проверка достижений. В конце каждой части – контрольные вопросы, на которые ученик должен дать ответы или контрольные задания, которые необходимо выполнить.

После каждого ответа или выполнения задания ученик может проверить, верно ли он справился с заданием. Если оно выполнено неправильно, предлагается консультационный материал, необходимый ученику для анализа допущенной ошибки.

Компьютеры могут восполнить отсутствие в кабинете справочно-информационной литературы. По необходимости ученик может найти в базе данных словарную статью из любого учебного словаря школьного типа или энциклопедии. Большой эффект достигается при одновременном использовании лингвистического устройства.

Опыт работы свидетельствует, что информационная технология обучения ускоряет интеллектуальное созревание ребенка, повышает его активность, делает его подготовленным к профессиональной деятельности в будущем, освобождает учителя от выполнения трудоемкой работы.

Опрос среди учеников показал, что управлять программой легко. Электронные учебники лучше всего использовать при повторении, подготовке к экзаменам. Кроме того, школьники, желающие улучшить орфографическую грамотность, могут работать с электронным учебником индивидуально. Предлагаю разработку урока по электронному учебнику в десятом классе.

План урока

Тема: Закрепление и проверка полученных знаний по темам «Имя существительное», «Имя прилагатель-



ное».

Лексическая тема: «Путешествие по России»

Цели:

Выработать умение применять знания на практике.

Приобретение умений и навыков слушания и восприятия текста.

Воспитание интереса к культуре и истории России.

Оборудование: электронные учебники, буклет «Созвучие поэтов», дидактические материалы.

Тип урока: Закрепления знаний, умений и навыков

Вид урока: Работа с электронным учебником

Технология: Информационная и развивающая.

Ход урока

I. Оргмомент.

II. Актуализация учебной деятельности.

Задание 1. Прочитать первые строки стихотворения Абая «Қараңғы түнде тау қалғып ...». *Вопросы:*

Кому принадлежат эти строки?

Что общее в поэзии Абая, Лермонтова, Пушкина, Гете?

Что можем сказать о М.Лермонтове?

III. Работа по лексической теме урока.

Слово учителя: Сегодня мы должны с вами открыть модуль «Путешествие по России», Блок «Чтение», «Москва – столица России». Цель: узнать о Москве, познакомиться с культурой, историей России, закрепить и проверить полученные знания по изученным темам «Имя существительное», «Имя прилагательное». На столах – план урока для ознакомления.

Особенность этого урока заключается в закреплении знаний путем самопроверки. Читайте план урока, запишите фамилии, результаты отмечаете сами, оценки выставляете в дневниках. Если не справитесь, то будете работать дополнительно. Открывайте Модуль 9, приступаем к работе!

1. Блок «Чтение». Москва – столица России.

Современная Москва, сохраняя свою историю, меняет внешний облик, доказывая звание европейской столицы. Треть территории города занимают зеленые насаждения, городские леса, парки, сады, скверы, бульвары. Однако это не означает, что нет необходимости задуматься о состоянии воздуха, воды, земель, что ей хватает

«зеленых легких». Привлекаются все средства, чтобы будущим поколениям легко дышалось в современной столице. А ведь уже сегодня здесь проживает десять процентов российского населения.

Современная Москва – это огромный наилучший культурный образовательный центр. Здесь заботятся о моральном и нравственном воспитании. Поэтому в Москве работает шестьдесят пять театров, около ста кинотеатров, почти пятьсот библиотек.

Москва – это собрание всевозможных музеев: от Оружейной палаты Кремля до музея уникальных кукол. Москва – многонациональный город. Среди местного населения представители более ста национальностей, действуют десятки национально-культурных автономий и национальных объединений.

Москва – это крупнейший учебный центр. В столице действует сто четырнадцать государственных вузов. В Москве десятки колледжей, около полутора тысяч школ, в том числе специализированных, музыкальных, спортивных, художественных и др. Москва по-прежнему принимает в студенты молодежь со всех уголков России (сейчас в столице осуществилась мечта семнадцати процентов студентов нашей страны) и из различных зарубежных стран. Говоря о молодежи, невольно задумываемся о будущем. Что же ждет столицу и ее жителей в ближайшие годы?

2. Грамматика. Выполнить задание 1.

Образуйте притяжательные прилагательные от данных существительных. Поставьте их в родительном и творительном падежах единственного и множественного числа: *воробей,*

Лебедь, собо́ль, корова, лиса.

Цифры замените словами. Имена существительные употребите в нужном падеже.

1. Зарегистрировали 271 (делегат).

2. Не оказалось 490 (минут).

3. Стоя в 60 (верста).

3. Блок «Проверка достижений».

Выполнение тестового задания с самопроверкой.

IV. Подведение итогов урока. Домашнее задание: Написать сочинение «Москва – столица России».

Әдебиет сабағында оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту

Шығармашылық – бүкіл тіршіліктің қайнар бұлағы. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі бағдары оқушылардың тек шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және оларды шынайы өмірдегі дара тұлға етіп даярлау.

Айман БИПАЖАНОВА,
№157 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі.
Алматы қаласы.

Бұрынғы дәстүрлі сабақтардың оқу үрдісінде мұғалімге басымдылық рөл берілсе, ал жана педагогикалық технологиялар бойынша өткізілген сабақтардың оқу үрдісінде оқушы белсенділігіне, шығармашылығына басымдылық беріледі. Оқушы өздігінен оқуы, меңгеруі тиіс, ал мұғалімнің негізгі көңіл аударатын жайы – әрбір оқушының жеке қызығуы мен шығармашылық мүмкіндігін ашу.

Бүгінгі оқу үрдісіндегі түрлі инновациялық технологиялар – білім сапасын арттырудың көпшілігі. Оқытудың тиімділігін арттыру үшін өз сабақтарымда «оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» технологиясын қолданып жүрмін. Бұл технологияның бір ерекшелігі оқушының білім алуына жан-жақты ықпал етуі. Тек білімді немесе оқу бағдарламасын меңгертіп қоймай, жеке тұлғаның танымдық және өзін-өзі өзектендіру, бекіту, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға, сөздік қорын дамытуға, өзбетімен білім алуға, ізденуге деген ықыласы мен іскерлігін жан-жақты дамытуға жетелейді.

Мысалы: «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы бойынша өткізілген сабақтардың нәтижесінде

- сабақ түбегейлі оқушыға бағытталады;
- ұжымдық, ынтымақтастық қатынас орнайды;
- бұрынғы білгендеріне білім қосылады;
- өзара қарым-қатынас деңгейі өзгереді;
- оқушылардың жауапкершілігі артады;
- әр сабақта стандартты емес тәсілдер қолданымын;

– оқушылардан өзін күтпеген өзгерістер байқалды
– үнемі проблемалық ситуациялар туғызамын;
– шәкірттер бір-біріне маңызды сұрақтар қоя білуді үйренді;

– олар өзара сыйластыққа, өзгелердің пікірлерін сыйлауға үйренді;

– әр сабақты өздері игеруге, тұжырымдама жасауға төселді;

- қысқаша ой толғау мен эссе жазуға үйренді;
- кейбір оқушылар өлең шығаруға, әңгіме жазуға, пікірлерін ауызша, жазбаша голық жеткізуге төселді.

5-сыныпта әдебиет пәнінен өткен Сәбит Мұқановтың «Лашын» әңгімесін өткен кезде оқушылар төмендегідей шығармашылық жұмыстар жүргізді. Топтық жұмыс барысында әр топ әңгімені 4 бөлікке бөле отырып, талдау жүргізді.

1. Балтабайдың Ақметнің портреті
2. «Лашын» құсты суреттеу.
3. Құсбегілік, атбегілік дәстүрі туралы.
4. Құс салудың қызықтары.

Әңгімені әр топ оқушылары өзара оқып, талқылап, ортақ пікірге келіп, тұжырымдама жасайды. Сонымен бірге шығармашылық іздену жұмыстарын жүргізеді. Әңгіме желісі бойынша ежелгі ата-бабадан қалған салт-дәстүр – атбегілік пен құсбегілік жөнінде оқушылар өз ой-пікірлерін, не білгісі келетіндерін жазып береді.

Жазушының табиғат пен құстардың табиғи ерекшеліктерін суреттеуде қолданған эпитеттері мен теңеулерін тауып, әр топ ортаға салады. Өз пікірлерін айта отырып, дәлелдейді. Сабақтың соңында лашын құстың ерекшеліктеріне қарап отырып, әр топ 5 жолды өлең құрастырады.

1. Зат есім. Лашын.

2. Оқушыларға үйде бүгінгі күнде атбегілік пен құсбегілік өнердің дамуы қандай, болашағы қалай болмақ? деген сұрақтарға өз ойларын қысқаша жазып келу тапсырылады. Нәтижесінде оқушылардың жазғандарын оқи отырып, олардың қаралайым нәрседен ой тұтатып, қиял әлеміне шомылып, кез келген нәрсеге өз ұсынысын, ойын еркін айта және жаза білуге төселіп келе жатқанын байқаймын.

Шығармашылыққа баулудың тағы бір жолы – әр сабақтың соңында оның нәтижесі жөнінде оқушылардың өз пікірін жазбаша түрде жазып отыруы.

Бастапқы кезде бұл тапсырманы орындауда олар өз пікірлерін ашық айта алмай, тұспалдап, шашыраңқы пікірлер айтқан болса, кейіннен менің қандай пікірді болса да тыңдап, үнемі ескертіп отыратынымды байқаған соң еркін жазуға төселе бастады. Мысал ретінде төменде шәкірттерімнің пікірлері мен айтысын ұсынып отырмын.

Пікір

Біз бүгін сабақта жұмыла жұмыс істедік, бірақ уақытты ұтымды пайдалана алмадық. Сондықтан, сабақтың соңында ой-толғаныс кезеңіне уақыт аз бөлінді. Біздің топта Арай мен Дулат өз эсселерін оқып бергісі келіп еді. Өкінішке орай, уақыт тапшылығынан діндеген ойымызға жете алмадық.

Аяулым.

Пікір

Бүгінгі сабақ өткен сабақтан да қызықты, тартысты өтті. «Болжау» жасау кезінде біздің топтың болжамының дәл келгеніне қатты қуандым, бірақ біздің топ мүшелері оны анық өз ойымен жеткізе алмады.

Ербол.

9-сыныпта өткен «Жамбыл – айтыс ақыны» сабағында оқушылар топтық жұмыста жақсы нәтиже көрсете білді. Сабақ соңында қыздар мен ер балалар арасында айтыс ұйымдастырылды, негізгі тақырып «оқу, білім, жауапкершілік».

Камила мен Айбектің айтысы

Камила:

Қоқан-лоққы қиянатқа төзбеген,
Дауды шешкен бір-ақ ауыз сөзбенен
Бірлік, достық, татулық пен ынтымақ,
Бейбіт өмір – бар мақсатым көздеген.

Айбек:

Асыл бекзат бар мінезім.
Келер ем, еркек болсаң бір-ақ жеңіп.
Бар еді қыз сыйлайтын бір мінезім,
Самғаймын бейге атындай сені озып.

Камила:

Біз қайсармыз ар-намысты бермеген,
Ықыласы ет жүректі кернеген.
Сауықшылмыз, сол себепті бар үйді,
Ән қалқытып, күй күмбірлеп кернеген.
Мұхаметжан ақын бабам былай дейді,
Жалқаулық жаратқанға ұнамайды,
Сондықтанда көп ізденіп, еңбек ет.



«ЖАНАМ ДЕГЕН ЖҮРЕККЕ ОТ БЕРЕЙІК»

атты әдеби кештің сценарийі

*Өс, жас ұрпақ, өрле биік шыңдарға,
Өнер әркез шыңға өрлеумен шыңдалған.
Сенің балғын өнеріңді қашанда
Сүйіп тыңдап, бағалайды тыңдарман.
Жасымағын, жасқанбағын, өнерпаз,
Сендерменен көңіл — көктем, өмір — жаз.
Биле, ән сал, жырыңды төк, тақтама
Өнеріңе таңдай қақсын кәрі-жас.*

— Күрмегі ұстаздар мен оқушылар! Қазақ тілі бірлестігі ұйымдастырып отырған «Жанам деген жүрекке от берейік» атты әдеби кешімізді бастауға рұхсат етіңіздер!

«Бұлақ көрсен, көзін аш», — дейді дана халқымыз. Әр баланың бойындағы дарынды дөп басып танып, өнерге баулып, қанаттандырып жатқан ұстаздарымыз аз емес. Бүгінде қазақ тілі бірлестігінде бірнеше әдеби үйірмелер жұмыс істейді. Атап айтсақ: «Шабыт» поэзия үйірмесі, «Серілер» атты айтыс үйірмесі, «Ақ отау» драма үйірмесі, «Екі де алты» КВН командасы. Ендеше, бүгінгі кеште осы үйірмелерде өнерін шыңдап жүрген оқушылардың өнерін тамашалаңыздар!

I. Поэзия!

Менімен егіз бе едің?

Сен мені сезесің бе, неге іздедім?

Алауратқан таңдардан Сені іздедім.

Қарауытқан таулардан Сені іздедім

Іздеімін тағат бар ма?

Сені маған егіз ғып жаратқан ба? — деп «қара өленнің Хан Тәңірі» атанған ақын Мұқағали ағамыз жырлағандай, біздің арамызда поэзияны өзіне серік еткен оқушыларымыз да бар. Олар — Гүлмира Қожағұлова. Назым Жақанова, Арай Жақыпова жетекшілік ететін «Шабыт» поэзия үйірмесінің оқушыларын ортаға шақырайық. Мұқағалидің «Музасымен» аудан көлемінде танымал болған ІІ-сынып оқушыларының поэзиялық көрсетілімін қабыл алыңыздар! Мұқағали рөлін сомдаған аудандық «Мұқағали оқуында» І-орынды, қалалық «Мұқағали оқуында» 2-орынды иеленген ІІ «А» сынып оқушысы Ғани Дауталиев:

Ақын болғым келеді дана Абай атамыздай,

Ақын болғым келеді ұлы Жамбыл бабамдай.

Тәңір берген талант пен талабым бар бойымда

«Болмасанда ұқсап бақ» деген сөз бар санамда, — деп, өзінің жанынан өлен жазып, ақын болуды армандаған шәкірттеріміз де баршылық.

«Қара жорға» болмаса,

Бидің сәні кірер ме?

Кос етек көйлек кимесе

Қыздың сәні кірер ме?



С. НАҚЫБАЕВА,

№26 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі. Алматы қаласы

9 «И» сынып оқушылары — Бакыт қыздары Гүлзат пен Нұрзаттың орындауында қазақтың ұлттық биі — «Қара жорға».

II. Көтерілсін көңілін, жүзін жарқып,

Енсенізді түсірмесін заман нарқы.

«Айтыс» десе ішкен асын жерге қойған

Қазағым әркез түсінді сөздің парқын.

Меруерт Базарбекова мен Ләззат Дауытбаева жетекшілік ететін «Серілер» атты айтыс үйірмесінің ІІ-сынып оқушылары Рысбек Ыдырысова мен қарсыласы Ержан Яхнибаевты ортаға шақырайық.

III. Өртістік қабілетін шыңдап жүрген,

Өнерін әр баланың тындай білген,

Айсұлу мен Гүлнұрдың шәкірттері

Театр тарландарынан қай жері кем?

Айсұлу Жүнісбекова мен Гүлнұр Қасенова жетекшілік ететін «Ақ отау» драма үйірмесі «Қара пима» сахналық қойылымын назарларыңызға ұсынып отыр.

Әрбір кештің мәні менен

Сәні болған ортада.

Кенже апайдың «Би — нұр» тобын

Шақырайық ортаға.

Мектебіміздің «Би – нұр» бишілер тобының орындауында казак биі. Жетекшісі – Кенжегүл Байғазиева.

IV. Әзілге, сірә шорқақ ел смеспіз,
Қалайша қалжың сөзді елемеспіз.
Әзіл-оспақ болса егер күткеніңіз
Оған да риза болып кселерсіз.

«Екі де алты» КВН командасын ортаға шақырайық. Жетекшілері – Айнұр Насырова, Арай Естемесова.

Шіркін казак әндерін-ай, әндерін,
Жұлып кетер жүректің нәр әрлерін.
Кейде ызғырық, күзгі желдей қайғылы,
Кейде аспандай неткен шексіз, сәнді едің!
Республикалық «Әнші балапан», «Бозторғай», «Әнші

болғым келеді» байқауларының жүлдегері. 5 «Ә» сынып оқушысы Айжанның орындауындағы әнді қабыл алыңыздар.

*Тыңдайық жас жүректің лүпілдерін,
Шыңдайық жас өркеннің білімдерін.
Жанам деген жүрекке от берейік,
Елімнің болашағы – өрендерім.
Тамсандырып өнерімен бар әлемді
Бөленсін ықыласына көрерменнің.*

– Құрметті, көрермен қауым! Осымен казак тілі бірлестігі дайындаған «Жанам деген жүрекке от берейік» атты әдеби кешіміз аяқталды. Көңіл қойып тыңдағандарыңызға рахмет!

«Мұғалда дүние есігін ашады өлең»

Әдеби кеш

Мақсаты:

Қазақ халқының әнші-сазгер, сал-серілерінің өмірі мен шығармашылықтары туралы деректерді бір жүйеге келтіру, қорыту. Оқушыларға тіл байлығы мен сөз шеберлігін үлгі ету арқылы тәрбиелеу. Сөз мәдениетін жетілдіру, көркем шығармалардың мазмұнын түсініп, мөнерлеп айтқызу, ән орындау.

Көрнекіліктер: киіз үй мен жылқы макеттері, дастарқан, суреттер.

Қазақ халқы әнге бай. Халық әндерінің өте тартымды, жүрекке қонымдысы болады. XIX ғасырдың екінші жартысында казак елінің сазы мен өлеңін қатар шығарып, теңдесі жоқ дара шеберлікпен орындайтын суырыпсалма ақын, әнші-серілер – өнер жұлдыздарының шоғыры пайда болды. Олар өнердің үш түрін қатар самғатқан, бір басына суырыпсалма ақындық, сазгерлік, әншілік бірдей дарыған сал-серілер: Біржан сал, Жаяу Мұса, Әсет, Естай, Мәди, т.б. Олардың ақындығы, әншілігі, композиторлығы – халқымыздың өнері мен мәдениетінің асыл қазынасы, сарқылмас бұлағы.

(Бір топ жігіттер ішке кіреді).

Солардың бірі – Жаяу Мұса

«Ақ сиса»

*Ақ сиса, қызыл сиса, сиса, сиса,
Қалмайды кімдер жаяу зорлық қылса.
Шорманның Мұстафасы атымды алып,
Атандым, сол себепті Жаяу Мұса.*

*Жаныма батқандықтан ашынамын,
Мен неге жаяуым деп басыламын.*

Айсұлу ӘМІРБАЕВА,

№121 жалпы білім беретін мектептің мұғалімі

*Малым жоқ Шорман айдап алатұғын,
Қылығын Мұстафаның паш қыламын*

– Ал, ақын жігіт онда «Көгаршын» атты өз өлеңіңді қабыл ал.

«Көгаршын» өлеңі

*«Көгаршын» ән еркесі, баппен айтса,
Ержігіт не болады серттен тайса.
Ән болмас «Көгаршындай» қайда барсаң,
Ән білем деген адам шынын айтса.*

*Ал, «Көгаршын» көңіліме қонған әнім,
Сүйеді сұлу әнді менің жаным.
Айғайлап, жүз құбылтып әнге салсам,
Кетеді бойым балқып, қызып қаным.*

Жаяу Мұсаның туып-өскен жері – қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы. Ол жасынан әнге, күйге құмар болған. Өзі де ән шығарумен әуестенеді. Қазақша, татарша, орысша ән салып, домбыра тартады. Ол домбырада ғана емес, сырнайда, скрипкада ойнап орыс жазушылары мен ақындарының өлеңдерінен өз аударуында үзінділер айтып беретін. Мұсаның беделі ел ішінде биік болған. Мұны Шорманның Мұстафасы жақтырмай, атын тартып алады. Бұл оқиға Мұсаның жан дүниесіне қатты әсерін тигізеді, қара күшке тең келмесе

де, өнерге келгенде Мұсадан артықшылығын білген ол ерекше жігермен шабытпен халық ішінде күресетін гимні болып кеткен атақты «Ақ сиса» әнін шығарды. Мұсаның мәдени мұрасы өте бай. Ол қазақ арасына көптеген туындылар бере отырып, өркелеген «Көгаршын», өр кеуделі «Хаулау», сазды «Бауһар қыз», «Марш» «Мазурка», «Вальс» ырғақтарын алып келді.

*Сал Біржан домбырасын көкке сермеп,
Жіберді түрлендіріп әннен өрнек.*

*Сөзіме ызаланып алғаннан соң,
Дауысқа салды Біржан аспанға өрлеп.*

*Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,
Адамға зияным жоқ жүрген жанмын.
Қасыңа мені сендер неге алмайсың,
Өзім сұңқар, өзім сал, кімге зармын.
Жасым бар жиырмада жасырмаймын,
Басымнан дұшпан сөзін асырмаймын.
Басымнан дұшпан сөзі асып кетсе,
Сен, түгіл, патшаға да бас ұрмаймын.*

Біржан Қожағұлұлы теңдесі жоқ әнші, әрі сазгер, әрі ақын болған Біржан бұрынғы Көкшетау облысы. Еңбекшілдер ауданы Ермол деген жерде туған. Біржан өзін сүйген халқына өнерін жаюдың жолы ел аралау, жаңа ән үйрену, орындаушылық шеберлігін ұстарту деп түсіне білген. Ол жақсылық пен жамандық, байлық пен кедейлік, достық пен махаббат, кішіпейілділік пен өркөкірекшілік жайында көптеген өлеңдер шығарған. Біржанның ақындығы Сарамен айтысу үстінде жарқырай танылады. Мұнда қорғамдық, адамгершілік мәселелер мен қоса алғыр ақындық, өнер үлгісі сарапқа түседі. Біржан салдың әншілік, сазгерлік өнерде өз мектебі болған, айналасына талантты ақын-әншілер топтасқан. Мысалы, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай, Ақан сері, Жаяу Мұса сияқты атақты ақын-әншілер Біржан сал мектебінен шыққан. Біржан салдың «Ләйлім шырақ» сияқты шығармасы, лирикалық өлеңдері әрі мазмұны, әрі көркемдік жағынан тамаша үлгі.

«Ләйлім шырақ» өлеңі

*Есөн-аман жүрмісің, Ләйлім шырақ?
Жаңа таптым ауылыңды көптен сұрап.
Жел тимесе, жан тимес деп жүргенде,
Қол ұстасып жатпенен кеттің жырақ.
Аққу едің таранған айдындағы,
Ұштың ұзап, қанатын жайдыңдағы.
Көлеңкеңді көрсетпей кете бардың,
Қол алысқан сертіңнен тайдыңдағы.
Осылай ма еді, ей қалқа, айтқан сертің,
Жүрегімді жандырды ғашық дертің.
Мұнша неге сен мені әуреледің
Болмаған соң әуелде баста еркің.*

Біржан салдың өнер мектебінен шыққан серінің бірі – атақты ақын Ақан сері болған

*Ғашықтық бір ыстық күн, желі тынық,
Басына түскен жанның көңілі сынық.*

*Жарлы, бай, жаман, жақсы дегізбейді,
Уа, шіркін, желіктірсе жігітшілік.
Торыны талға байлап, мінген қандай?
Үкілеп өсемдөтіп жүрген қандай.
Тұсынан қызды ауылдың ән шырқатып,
Сыбанып ақ білекті түрген қандай?
Күнінде уағда еткен қалқажанға
Жетуге ынтызар боп жүрген қандай?*

Дарынды әнші, сазгер әрі ақын Ақан сері Қорамсаұлы бұрынғы Көкшетау облысы, Айыртау ауданындағы Қоскөл деген жерде туған. Жасынан өлең айтып, ән шығарумен шұғылданған Ақан серілік жолға түседі. Ақан асқақ ақын ғана емес, сыршыл лирикалық сезіммен әншілік орындаушылық, композиторлық өнерімен бүкіп қазақ даласына танылған дарын иесі арканың ардагер ақыны әншісі болды. Ақан серінің көп жырлаған тақырыбы – достық, махаббат. Сазгердің бірсыпыра өлеңдері сүйген қызы Ақтоқтыға арналады.

*Жайықтың ақ түлкісі аралдағы,
Алдымнан сен бір қашқан маралдағы.
Қараймын томағамды ашып-жауып,
Тауыңның ақиықша Оралдағы.
Ертістің құба талы секілденіп,
Алдымнан майысып шық, бұралдағы.
Жаудырап екі көзің отырасың,
Тұндырған шай секілді құмандағы.
Көзіме мұнарланып көрінесің,
Түлкідей тұра қашқан тұмандағы.
Сен болсаң ал қызыл гүл, асыл еркем,
Мен – бұлбұл сайрап тұрған иран бағы.*

Ақтоқтының өлеңі

*Ақ қаудың астығы жоқ шайнағанмен
Құр тілдің пайдасы жоқ сайрағанмен.
Көнбейді жаман адам ынтымаққа,
Жүрмейді шошқа жөнге айдағанмен.
Алтынды қорлағанмен жез болмайды,
Жібекті жуғанменен без болмайды.
Мысалы, әр нәрсенің бәрі сондай,
Жаманның көкейінде көз болмайды.
Шірімес алтын жерде жатқанменен,
Оқ жетпес ажалсызға атқанменен.
Жалқауға – сөз, жаманға – таяқ өтпес,
Тас жібімес дарияға атқанменен.
Жақсыға бітсе дәулет бақ айланар,
Жаманға бітсе дәулет әуейленер.
Басына ер жігіттің бір іс түссе,
Арасы қас пен достың абайланар.
Сауғанменен жалғыз сиыр іркіт болмас.
Өнерді бойға біткен іркіп болмас.
Мысалы, әр нәрсенің бәрі сондай,
Сұңқылдап күшіген құс бүркіт болмас.
Су шықпас қазғанменен тау басынан,
Қазақтың дау кетпейді сау басынан.
Жолдасы сыр айтысқан жау боп шықса,
Ер жігіт жаңылады тәубесінен.*

Ғ.Мүсіреповтың «Жаңа достар» әңгімесіндегі балалар бейнесі

Сабақтың мақсаты:

Ғ.Мүсіреповтың «Жаңа достар» әңгімесінің мазмұнын аша отырып, ондағы басты кейіпкерлер – Қайырғали, Шеген, Борап бейнесірін ашу, олардың арасындағы достық жайын ұғындыру. Оқушыны өз-бегінше ізденуге, ойлануға, өз ойын еркін айта білуге баулу.

Шығарма кейіпкерлері арқылы оқушыны достыққа, еңбекқорлыққа, мейірімділікке, адамгершілікке тәрбиелеу.

Сабақтың әдісі: Оқушыларды ізденту, таптыру, ойланту.

Сабақтың көрнекілігі: Ғ.Мүсіреповтың суреті, бүктеме, кеспе қағаздар, слайд.


Сабақтың түрі: Аралас сабақ

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру

Жаңа сабақ

– Балалар, сендер өткен сабақта қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі, белгілі жазушы Ғ.Мүсіреповтың тамаша туындысы – «Қазақ солдаты» романынан алынған үзінді – «Жаңа достармен» танысқан болатынсыңдар. Бұл шығармаға арқау болған басты кейіпкер – Қайырғалидің қалаға ауылдан оқу іздеп, қашып келген беті болатын. Оқиға Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарын қамтиды. Шығарманың негізгі мазмұнына өмірде нақты болған адамның – Кеңес Одағының Батыры Қайырғали Смағұловтың – романның бас қаһарманы аға сержант Қайрош Сарталиевтің протатипі.

– Оқушылар, сендер бір-бірмен доссындар, олай болса, достар қандай болуы керек, сол туралы әңгімелесейікші.




Оқушылардың сырласу диалогі:

Шын дос кім?	Жалған дос кім?
Сатпайлы, сатылмайды. Қиындықта көмектесе біледі.	Басына іс түссе, сатып жібереді. Қиындықта қашып кетеді.



– Енді «Жаңа достар» шығармасындағы балалар жайын еске түсірейікші. Олар – Қайрош, Шеген және Борап. Қайырғали – қандай бала?
ауылдың баласы



Гүлбақира ҚОШҚАРБАЕВА,
Қазақстанның 40 жылдығы атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің мұғалімі
Жамбыл облысы,
Байзақ ауданы.



Шеген жайында не білеміз?



Кейіпкерлер жайында айтып болған соң, «Құстарды қарсы алу» ойынын ойнаймыз.

– Міне, оқушылар жылдың тамаша мезгілі көктем де келіп қалды. Көктеммен бірге жыл құстары да оралады. Олай болса, бүгінгі жұмысымызды құстарды қарсы алу

үшін ұя жасауға арнаймыз. Ол үшін мына ұяның әрбір бөлігінің артында сұрақтар бар. Сол сұрақтарға жауап берсек қана ұяны жасай аламыз. Ендеше, қанатты достарымызды қарсы алу үшін жұмыла жұмысқа кірісейік.

1. Шығарманың «Жаңа достар» аталуында қандай сыр бар?

2. Қайырғали не себепті қалаға келді?

3. Шеген мен Бораш, Қайроштың жағдайы қандай еді?

4. Роман қай кездегі өмірді суреттеп отыр?

5. Қайрош балалар үйіне қалай әкелінді?

Осы сұрақтарға жауап алып болған соң, мына кестелерді пайдаланамын.

Негізгі кейіпкерлер	Тасадағы кейіпкерлер
Қайырғали Шеген Бораш	Милиционер Мария апай Шешесі, Балалар үйінің қызметшісі

Кейіпкерлердің іс-әрекеті	Адамшылық қасиеті
Қайрош қаладан қашып келді, Шеген Борашпен танысты, милициядан қашып жүріп, детдомға орналасты.	Шеген мен Борашқа өте мейіріммен қаралы. Білімге қызықты, анасын қимаса да, білім үшін балалар үйінде қалды.
Шеген мен Борашты қамқорлығына алып, аяғына дәрі әкеліп жақты, тамағын табуға көмектесті.	Жарасын жазды, жуындырды, киімін таза ұстады, тазалыққа үйретті.
Қайрошты да қастарына қосып алды, тазалыққа, қала өміріне үйретті, білімге құмар болды.	Қайроштың киімін жуды, тамақ берді, тазалыққа үйретті, ешуақытта тастап кеткен жоқ.

1. Шығармада жазушы қолданған қандай мақал-мәтелдер бар?

2. Осы мақал-сөздердің оқиғаға қандай қатысы бар?

— Енді, балалар, мен сендердің осы шығармадан алған әсерлеріңді білу үшін мына кестені толтыртпақшымын.

Мені толғандыратын жай	Мен түйген ой

— Біз бүгінгі сабақта балалар бейнесіп толық аша отырып, олардың бір-біріне мейірімділігін, адамгершілігін, адал дос болғандарын білдік. Олар білімге, өнерге қызықты, келешекте елі үшін жанын қиятын ер-азамат болып тәрбиеленді.

Үйге тапсырма: РАФТ әлісімен Қайрошқа хат жазып келу.



Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығы

Сабақтың мақсаты:

1. **Білімділік:** Шәкәрім өлеңдері мен поэмасының идеясын ашып, рухани-адамгершілік қағидаларымен танысу, өлеңді нақышына келтіре оқи отырып, негізгі түйінді таба білуге дағдыландыру.

2. **Дамытушылық:** Оқушылардың қоғамға деген өзіндік көзқарасының қалыптасуына ықпал ету, өз ойларын еркін, нақты жеткізе білуге баулу, тіл байлықтарын дамыту, өзбетімен ізденуге, ой қорытуға дағдыландыру.

3. **Тәрбиелілік:** Ұлтымыздың ұлыларының еліне еткен еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу, Шәкәрімнің өлеңдері арқылы оқушылардың рухани байлығын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, жаман мінезден аулақ болуға, адами сезімді қастерлеуге, сүйіспеншілікпен ішкі рухани тазалыққа үйресту.

Сабақтың түрі: сайыс сабақ, «Бақытты сәт ойыны»

Сабақтың типі: білімді жүйелеу, жинақтау сабағы.

Сабақтың негізгі ұғымдары: ой, ойлау, іскерлік, тапқырлық, таным, эстетика, жеке адамның эстетикалық мәдениеті, ұйымшылдық, елжандылық, азаматтық тәрбие.

Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер:

а) Түсіндіру, топтастыру, сұрақ-жауап, проблемалық сұрақтар қою арқылы оқыту, сонымен бірге проблемалық жағдаят туғызу, ұғындыру, шешімін іздеу.

б) Дамыта оқыту арқылы баланың ізденіс жұмысын жүргізу, қосымша білім алу көздерін насихаттау арқылы өздігінен білім алуға баулу.

Пәнаралық байланыс: География, тарих.

Сабақта қолданылатын көрнекіліктер: Шәкәрімнің портреті, шығармалар жинағы, сөзжұмбақ, арнайы перфокарта, екі жақты күнделік, бағалау парағы.

Сабақта пайдаланылған әдебиеттер:

1. К. Алпысбаев, Б. Әбдіғазизұлы, Б. Сманов, Ж. Сәметова. Қазақ әдебиеті 10-сынып, Алматы, «Мектеп» 2006 ж.

2. К. Алпысбаев, Ж. Сәметова, А. Далабаева. Қазақ әдебиеті: Хрестоматия 10-сынып, Алматы, «Мектеп», 2006 ж.

3. К. Алпысбаев, А. Далабаева, Ж. Сәметова, Б. Әбдіғазизұлы. Қазақ әдебиеті: Әдістемелік нұсқау 10-сынып, Алматы, «Мектеп», 2006 ж.

4. Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармалары. Алматы, «Жазушы», 1988 ж.

5. Б. Әбдіғазизұлы. Шәкәрім әлемі, Алматы, «Раритет», 2008 ж.

2. Ұйымдастыру бөлімі: (2 минут)



Ербол ТАЖИЕВ,

№11 кәсіптік лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы. Алматы қаласы.

Мұғалімнің кіріспе сөзі:

Армысындар, балалар,

Дайынбыз ба, сабаққа ?

Сай келейік талапқа.

Бүгінгі күн сайысты баста,

Сен ешкімнен қалыспа,

Еңбегің керек жер үшін,

Өнерің керек ел үшін,

Білімің керек сен үшін.

Ежелгі қазағымның салтымен

Бастайық біз ең алғаш таныстырумен.

Мына отырған ұстаздардың,

Қалсын бір көңіл-күйі көтеріліп, — деп, ашық сабағымызды бастаймыз. Сайыскерлерді бағалау үшін екі әділқазылар алқасын сайлаймыз.

Жаңа сабақты түсіндіру: (15 минут)

I. Қызығушылықтарын ояту.

— Бүгін біз қазақ зиялыларының бірі немесе «Бес арысымыздың» бірі — Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі және шығармашылығымен өзбетінше танысамыз.

Ғасырлардың талай сырын санасында сақтап, сан

алуан сын блестерден өткен қазақ халқының басына тәуелсіздік бақытын сыйлаған соңғы жиырма шақты жылдың көлемінде ұлттық рухани дамуымызда бірқатар он өзгерістер дүниеге келді. Тәуелсіздік жылдары тек әдебиеттану ғылымындағы ғана емес, бүкіл рухани, мәдени өміріміздегі ең басты табысымыз – Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев сынды біртуар алаш арыстарының өсімі мен мұраларының ортамызға оралуы болды. 1988 жылы сәуір айында Шәкәрім бастаған әдебиет алыптарын ақтаған ресми шешімдер дүниеге келді.

Қазақ поэзиясының асқар шыңы Абай қалдырған шығармашылық дәстүрді жалғастыра отырып, өз жаңалықтарымен байытып, өрнектеген Шәкәрім Құдайбердіұлы 1858 жылғы шілденің 11-ші жұлдызында Семей облысы, Абай ауданындағы Шыңғыстау өңірінде дүниеге келді. Әкесі Құдайберді – Құнанбайдың Күнке атты бөйбішесінен туған, Абайдың туған немере інісі.

Шәкәрім бес жасында оқуға барып, жеті жасқа келгенше білім алады. 1866 жылы әкесі дүние салады да, ендігі жерде Абай ағасының тікелей қамқорлығында болады. Бұл кезде Абай ауылы бүкіл қазақ елінің рухани және мәдени орталығына айналғандай еді. Осы ортаның бай дәстүрі мен Абай ағасының тағылымды тәрбиесі табиғатынан зерек те алғыр Шәкәрімнің жокшылық пен жетімдік көрмей, азамат болуына ғана емес, сонымен бірге оның талантты ақын, парасатты ой иесі ретінде қалыптасып, өсуіне де айырықша ықпал етті. Шәкәрімнің өзі кейінірек былай деп жазады: «Әкеміздің бір шешесінен туған Ибраһим мырза, - қазақ ішінде Абай деп атайды, - сол кісі мұсылманша һәм орысша ғылымға жүйірік һәм алланың берген ақылы да бұл қазақтан бөлек дана кісі еді, ержеткен соң сол кісіден тағлым алып, әр түрлі кітаптарын оқып, насихатын тыңдап, аз ғана ғылымының сәулесін сездім».

Кезінде арнайы оқу орындарында оқып, білім алмаса да өзбетінше іздене жүріп және Абай ағасының басшылығымен жан сарайын барынша байытқан Шәкәрім өз заманында қазақ арасындағы, қала берді бүкіл түркі өлкесіндегі білімдар, ойшыл азаматтардың бірі болды. Араб, парсы, түрік, орыс тілдерін жетік меңгерді. 1904 жылы Шәкәрімнің ұлы ұстазы Абай дүние салады. Осы жылы ол өзінің өнерлері толысқан қос бауыры, өнер жолындағы екі серігі – Ақылбай мен Мағауиядан айырылады.

Заман талабы деңгейінде ой пайымдайтын Шәкәрімге бұл оқиғалар аса ауыр соққы болып тиелді. Ендігі жерде ол айналасындағы тіршілік құбылыстары, тағдыр шырғаландары жөніндегі өзінің ішкі сауалдарына жауап іздеп, философиялық ойларға беріледі.

Өмір бойы білімін кеңейтіп, барынша ізденуге ден қойған Шәкәрім Абай ағасына берген уәдесін орындамақ ниетпен 1905-1906 жылдары Меккеге барып қайтады. Жолда Стамбұл қаласында бір айдай болады. «Абайдың ақыл-кеңесі болмағанда мен ол жерлерге бармаған да болар едім», - деп жазды.

Патша үкіметі құлағанда бостандық келді деп түсініп, «Бостандық туы жарқырап», «Бостандық таңы атты» де-

ген өлеңдер жазады.

Қазақ елінде жаңа кеңес өкіметі құрылған кезде көптеген қоғамдық, саяси өзгерістер жүріп жатты. Алашорданы қазақ елінің, жерінің тағдырын ойлайтын партия деп түсінгенімен, кейіннен бұдан да бөлек кетеді. Кеңес өкіметін әділеттік орнатады деп түсінгенімен, одан тек қуғын ғана көреді Шәкәрім қоғамдағы алашапқын сату, бос жүріс, бойкүйездік, екіжүзділік, сатқындық, таяз ой, бір күндік істен аулақ болғысы келгенімен де, ел ішіндегі, ел сыртындағы түрлі сөз бен мазасын алған жаулықтан құтыла алмады.

1909-1910 жылдары шамасында елден іргесін аулақтап, Шыңғыстау өңіріндегі Шақпақ деген жерде жалғыз үй өмір сүре бастайды. Оның бұл әрекетін бір жағынан өзінің айналасындағы ақты ақ, қараны қара деп бағалай білмейтін топас жануардан, әділетсіз қоғамның тіршілігінен бір сәттік түнілу десе де болғандай еді.

Дегенмен, Шәкәрімнің 1913-1915 жылдар аралығында жазған «Кейбіреу безді елден мені» атты өлеңіндегі:

Мен жалғыз, сендер елде қойдың қалып,
Ешкімнің кеткенім жоқ малын алып
Елу бес жыл жинаған қазынамды,
Онаша қорытам ойға салып, - немесе
Жоспарым, жайым осы мақтаным жоқ,
Ел жеген әкімдерді ақтарым жоқ.
Өлгенімше жазумен еңбек етем,

Қажылым, қартайдым деп жатқаным жоқ, -

деген шумақтар әлгіндей екіұдай сауалдарға нақты жауап беріп, ақын атына танылған кейбір жаланың тамырына балта шабалды.

1917 жылғы ақпан революциясының жеңісі Шәкәрімнің өміріне ерекше леп әкеледі. Ол осы дүбірлі кезде халқымен бірге болуды ойлап, ел ішіне оралады. Айналасындағы жаңалықтар мен өзгерістерді қуана жырға қосады.

Өмірінің соңғы кезеңінде Шәкәрім өзінің оңаша тіршілігіне қайта бой ұрып, Шақпаққағы саятқорасына оралады. Бұл оның «күткен үмітім ақталмады-ау» деген тұрғыдағы кейбір голғаныстарының салқыны еді. Қоғамда болып жаққан өзгерістердің шын мәнін дер кезінде тап басып, түсіне алмаушылық ХХ ғасырдың басындағы қазақ қаламгерлерінің бәріне дерлік тән сипат болғаны ақиқат.

Осында жүріп 1931 жылы қазанның 2-ші жұлдызында қайғылы қазаға ұшырайды.

Шып мәнінде Абай мен Шәкәрім арасындағы қаламгерлік тамырластық аса терең. Өз заманының келелі мәселелерін, қоғамдық шындықты көзғауда екі ақын да ерекше қуат танытқан. Абай тәртізді Шәкәрімнің лирик ақын ретінде өсу эволюциясының өн бойында жеке адамдағы ұсақ-түйек міндерден бастап, сол кездегі саясат сияқты күрделі ұғымға дейінгі мәселелердің бәрі қамтылған. Ол заңды да. Өйткені, ақын – қашанда өз дәуірінің перзенті.

Қандай ақынның болсын, поэзиясында өзі тұмыр кешкен кезеңнің сыр-сипаты, ақыл-ойы мен болмыс-бітімі тұжырым табады. «Қоғамда өмір сүре отырып, қоғамнан тысқары бола алмайсың». Шәкәрімнің реалистік лирикасына да осы сипатта анықтама берген жөн.

Шәкәрімнің шығармашылық өсу, кемелдену, даму жолынан байқалатын ендігі бір қасиет – ақын өзінің бір қарағанда жеке көрінетін ойларынан халық жөніндегі толғамдарын туындатады. Халық бейнесі – Шәкәрім лирикасындағы тұлғалы бейне. Бұл тұста да ол ұлы Абай дәстүрімен сабақтас, үндес. «Абай өлеңдерінен халық өмірінің кең көріністерін ғана байқап қоймаймыз, – дейді А. Нұрқатов. – сонымен қатар оның арманы мен үмітін танымыз, қайрат пен жігерге, ашу-ызаға, қасиетті мұңға толы үнін есітеміз». Бұл пікірдің Шәкәрім лирикасына да тікелей қатысы бар. Өйткені, Шәкәрімнің қай өлеңінде болсын, туған жұртының тұрмысы, болашағы жайлы сан алуан сырлар, азаматтық, перзенттік үн естіліп жатады.

Заманды түзеудің бірінші шарты – адам баласын түзеу деп түсінген ақын өзінің сынын, ең алдымен, замандастарына қарата айтады. Жеке адамның бойындағы жалқаулық, салақтық, босқусулелік, мақтаншақтық, сауатсыздық, арамдық, күншілдік пен көрсекызарлық сияқты қисық-қыңыр қылықтарды надандықтың басы ғана емес, бүкіл заманның кеселі деп септейді. Ол қазақтың басындағы тұрмыстық және рухани артта қалушылықтың түп негізін де осылардан іздейді. Олардың өзара сабақтас екенін айтады.

Еріншектен салақтық,

Салақтықтан надандық,

Бірінен бірі туады,

Жоғалар сүйтіп адамдық, – дейді ол бір өлеңінде.

Ол жамандық пен кемшілікті әнкерелеумен ғана шектелген жоқ, Абай тәрізді айналасындағыларға бағыт-бағдар сілтеуші де бола білді. Шәкәрімнің сыны туған халқын шексіз сүюден бастау алды. Онсыз да қараңғы халықтың кемшілігін бетіне қайталап баса беруден не өнеді? Одан да сол тығырықтан шығудың жолын қарастыру қажет. Ондай жол қайдан табылмақ? Әрине, Абайдан! Шәкәрімнің күпкі байламы – осы. «Жалыналық Абайға, жүр, баралық!» дейтіні де сондықтан.

«Жастарға» өлеңінде ақын өзінің гибаратты сөздерін бірінші кезекте жастарға арнайды. Жасөспірім замандастарын ескіден арылып, жанамен жалғасуға үндейді. Ізгілік жолына түсудің, арамдық пен алдаудың, қулық пен сұмдықтың зиянын, білім мен ғылым үйренудің шексіз пайдасын түсіндіреді. Сол арқылы өз заманының бейнесін жасайды. Өзіне де, өзгеге де Абайды жолбасшы, ақылшы көсем етіп ұсынады.

Халқын өнер-білімге шақырған ағартушылық мазмұндағы шығармаларында Шәкәрім жалаң насихаттың жетегінде кетпейді. Күрәк уағыз айтпайды. Әрбір сөзін діндеген нысанасына дәл көздеп жұмсайды. Мәселен, «Насихат» деп аталатын өлеңінде ол қазақ өмірінің рухани-психологиялық портретін жасайды. Ол көпшілік қауымды бай, кедей, жас, кәрі деп бөлмейді. Өмірді оңалту, қоғамды жақсарту бағытындағы істерден ешкім де тыс қалмауы тиіс екенін айтады.

Шәкәрім үшін байлықтың үлкені – ғылым. Өзінің «Үш-ақ түрлі өмір бар» атты өлеңінде алам өмірін үш бөліп, орта кезеңін ең пайдалы жылдар деп септейді. Ақын өз ойын былай қорытады:

Қапы өткізбе сол кездің бір сағатын,

Өкініші қалмайды кетсе ағатын.

Күні-түні дей көрме, ғылым ізде,

Қалсын десен артыңда адам атын.

Бас-аяғы үш-ақ шумақтан тұратын бұл өлеңде ағартушылық идеямен қатар терең философиялық тұжырым да жатыр. Мұнда Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңімен ішкі идеялық үндестік айқын сезіледі.

Еңбек тақырыбы – Шәкәрімнің ағартушылық ойларының мәнді өзегі. Оның айтуынша, еңбек – жақсылық аталуының бастауы. Әсіресе, «Адамдық борышын» өлеңінде бұл сипат айқын көрінеді. Оның пайымдауынша, еңбек ету, халқына пайдалы жұмыс істеу – адам баласының ең бір мәртебелі парызы. Шәкәрімнің ұғымындағы адамгершілік он-оңай қол жеткізетін нәрсе емес. Адамгершілігі мол кемел адам болу үшін, ең алдымен адамға тән бірқатар игі қасиеттерді бойына жинақтай білуін шарт. Ал, олар қандай қасиеттер? «Талап пен ақыл» деп аталатын өлеңінде міне, осы сауалға жауап іздеп, айналасындағы жастарға гибратты бағыт сілтейді.

Бұл өлеңінде кемел адамға қажетті жекелеген қасиеттерді санапалап көрсетеді. Атап айтқанда:

Бінсап, рақым, ар, ұят, сабыр, сақтық,

Талапқа алты түрлі нокта тақтық, – дей келіп, ақын осы аталған қасиеттерді бойына жинаған адам ғана мұратына жететінін айтады. Егер осылардың бәрі бір адамның бойынан табылар болса, ол адамның женбейтін қиындығы болмақ емес.

Сайыстың барысы 5 бөлімнен тұрады.

I-бөлім: Таныстыру» (3 минут)

Сыныпты екі топқа бөлсін. Топ капитаны шығып, өзін, алдағы қойған мақсаты мен ұрандарын, эмблемасын, топтың атын таныстырады.

I-топтың аты – «Мұрагер». II-Топтың аты: - «Насихат»

Топтың капитаны

Жұмаділ Нұрбол

Топтың мақсаты:

Ақылын болса,

арынды сақта,

Ар-ұят керек әр уақытта.

Топтың ұраны:

Жалындап тұрған

жасқа тән.

Эмблемасы: Шәкәрім -

шығармалар жинағы,

Топтың капитаны

Жақып Нұржан

Топтың мақсаты:

Білімдіден шыққан сөз,

Талаптыға болсын кез.

Топтың ұраны:

Адал дос алтыннан қымбат.

Эмблемасы: Кітап, шырақ,

ғау, күн.

Әр жауап «3», «4», «5» ұпайымен бағаланады.

II-бөлім: «Ассоциялық аймақ» кестесіне білетінімізді толтырып, жазамыз. (5 минут)

Әр жауап «3», «4», «5» ұпайымен бағаланады.

III-бөлім: Қазақ әдебиеті саласы бойынша «Бой сергіту»

Топтарға барлығы 14 сұрақтан беріліп, әр топ 7 сұрақтан алады. Оларды талдауға 8 минут уақыт бөлінеді. Топтың бір мүшесі жауап береді, ал бәсекелес команда



жауаптын дұрыс немесе бұрыстығын қадағалап отырады. Сұрақтарға ең көп жауап берген команда ұтады. Әр жауап «3», «4», «5» ұпайымен бағаланады.

Озат мақсат-мұраттарына тартуға ұмтылуы, алға қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсетуі – міне осындай асыл қасиеттерді уағыздау Абайдың бүкіл шығармашыларының негізгі идеялық-тақырыптық үзілмес жүйесінің біріне айналды.

IV-бөлім: Үй тапсырмасы бойынша «Сен – маған, мен – саған» (8 минут)

Екі топ бір-біріне 5 сұрақтан қояды. Бірінші топтың мүшесі сұрақ қояды, ал екінші топ жауаптын дұрыс немесе бұрыс екендігін қадағалайды. Содан Абай мен Шәкәрім шығармашылығының өлеңдерін екі топ жатқа айтады. Екі топ **Сөзжұмбақ** шешеді.

Әр жауап «3», «4», «5» ұпайымен бағаланады.

V-бөлім: Шығармашылық жұмыс. (5 минут)

Бұл бөлімде әр топтың бір мүшесі шығармашылық жұмысты екі бет қағазға түсіреді.

Мұрагер тобына

«XXI ғасыр – қазақты рухтандыратын ғасыр»

Насихат тобына

«XXI ғасырға аяқ басқан ұрпақтың басты мақсаты»

Шығарманың мазмұны мен сауатына қарай «3», «4»,

«5» ұпайымен бағаланады. Ал, қалған топ мүшелеріне «**Екі жақты күнделік**» парақтың негізгі түсінік бөлігіне Шәкәрім туралы білетіндерін бірлесіп толтыру тапсырылады.

Негізгі түсінік	Қосымша түсінік

Сабақты бекіту: Шығармашылық жұмыс және екі жақты күнделік арқылы сабақты бекітемін.

Сабақты қорыту: INSERT стратегиясы

Не білемін?	Не білгім келеді?	Нені білдім?

Үйге тапсырма: Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығына конспект жазу және «Еңлік-Кебек» поэмасын оқу, өзіне ұнаған өлеңдерін жаттау.

Оқушылар білімін бағалау және жауап бергендерін мадақтау.

Бүгінгі сабақта сайысқа белсенді қатысқан оқушыларды өз еңбектерімен бағалау және мадақтау.

«3» -

«4» -

«5» -

ТОЗҒАН ЖЕРДЕ ТОҚШЫЛЫҚ БОЛМАЙДЫ

Табиғатты қорғау сөзі қазақтың обал мен сауап деген ұғымдарымен тікелей байланысты. Ежелден төрт түлік мал бағып, көшпенділікте өмір сүрген қазақ халқы үшін табиғат – Ана бары да, нары да болған. Яғни, көшпелі қазақ табиғаттан өз орнын таба білген. Басы мен аяғы жоқ кеңістікте адам табиғатпен жеке қалып, оңаша сұхбаттасу, сырласу үстінде өмір сүрген. Ол өзінің бүкіл рухымен, қиялымен табиғатпен шынайы жақын екендігін сезінген.

Ш.Айтматов былай деп жазады: Құдай айтты дейді

Алмагүл ҚҰРМАНБАЕВА,
Өл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дің журналистика факультетінің Баспа ісі және редакциялау кафедрасының доценті.

– «Мен адам баласына бәрін бердім, тек ниетін өзінде қалдырдым» /2/ - деп. Бар мәселе сол ниет пен пейілде

жатыр. Біз рухани тазармай тұрып, ешқандай игілікке қол жеткізе алмаймыз. Озық өркениет табиғаттың жауы деседі. Біз бұл пікірмен келіспейміз. Біздің ойымызша, ең басты айыпкер - өзі құрған өркениет пен ақыл-ой парасатын ғылыми түрде ұштастыра алмаған адамдар.

Егер адамдар табиғатқа және бір-біріне деген қарым-қатынасын қалпына келтірмесе, рухани азық-тозуын, құлқын құмарлығын имансыздығын тоқтатпаса, биосферадағы жағдайлар апаттық күйге түсетіні анық.

Халық даналығында: «Ақылды адам қолайсыз жағдайдан әр уақытта құтылып шыға алады, ал дана адам мұндай жағдайға түспейді», деген сөз бар. Өкінішке орай, адамзат даналығы жетпей, экология қиын дағдарысқа түсті. Ендігі амалымыз, бүкіл ақыл-ойымызды пайдаланып, осы қиыншылықтардан кешігіп қалмай, шыға білуіміз керек.

Сонау 1892 жылдың өзінде «Дала уалаяты» газеті кезекті он бірдей санында «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» атты тақырыпта проблемалық очерк жариялаған. Онда «Экология» терминін жұрттар біліп жарытпаса да, сол очеркте аталмыш табиғатқа жанашырлық білдірген пікірлер кеңінен қозғалған.

«Шалдардың сөздерінің жарымына нанған мезгілде де, бұрынғы уақытта қыс мұндай емес, күн жақсы, жер-су мол, шөп көп, халық әділетті, қулық-сұмдық жоқ екен... Осы күнгі қазақтардың тұрған жерлерінің жер-суы жақсы болған соң, қазақтар неше мәрте қалмақтармен ұрысып, соғысып қалмақты күшімен айдап шығарған екен...

Енді бұрынғыны айтып отыратын қарттар байқай ма екен, бұрын күннің жылы болатыны сол замандағы орман ағаштың көптігінен екенін, осы күнде сондағы ағаш, таулар да аз, қырып бітірісіпті.

Бұрынғы заманда тауларда орман көп болып, орманда қар көп болып, қардың себебінен су көп болып, ала жаздай тау-таудан өзен-сулар тартылмайды екен. Сол себепті жердің шөбі жақсы болып, мал да артық болады екен. Бұл күнде ондай емес.

Қазақтар барша орманды қырып, қалғанын осы күнге шейін тауысып жүр. Қазақтарға көп ағаштың керегі жоқ дегеннің зиянды екенін ойламай, тек малға кең болса – болды, һәм откір көздерімен қарап, қарауылдап жүруге дала болса – болады. Сол себептен бұрынғы өзен-бұлақтар тартылған соң, бірдеме қылып құдық қазатын болысты, көбінесе сулары ащы болады.

«Осы күнде қырда сондай жақсы ешнәрсе қалмаса да, біліп тұр бұрыннан қалған сым тастарға, қорғандарға қарағанда, баяғыда бұл далаларда тұру жаман болмағаны»/3/. - деген пікірлерді ұшырастырамыз одан.

Демек, біздің қазіргі кезде аузымыздан тастамай, күнделікті айтып жүрген экологиялық мәселелерімізге қазақ халқы ертеден-ақ ерекше мән беріп, тіршілік әрекетін соған сәйкес жүргізе білгенінің айқын бір дәлелі – аталмыш очерк. Күнделікті тұрмыс-тіршілігімізде табиғаттың барлық жанды, жансыз туындыларына қиянат жасауға үнемі қарсы тұрып, «обал», «сауап» деген ұғымдарды кейінгі ұрпағына ұлағат етіп қалдырған. Халықтың бұл тұрғыдағы экологиялық тағылымы осы күнге дейін толық мәнінде зерделеніп, зерттелмей келеді.

Әрбір жеке табиғат байлықтарына және оның дара туындыларына да арнайы айтылған экологиялық тыйым сөздер де халық арасында кеңінен таралған. Мысалы: күнделікті өзіміздің мұқтажымызды өтеп жүрген ауыз судың тазалығын сақтауға арналған тыйым сөздер – «суға түкірме», «суды ылайлама», «өзін ішетін суға өлген ит тастама». «Су ішкен құдығыңа түкірме», «бұлақты былғама», т.б.

Жер бетінің сән берер сәулеті мен бағалы байлық дәулеті деп есептелінер жасыл желекке, орман-тоғайға қатысы бар тыйым сөздер қаншама! «Көкті жұлма!», «көкті таптама», «құрыққа орақ салма», «жас көшетті сындырма», «орманды өртеме», «орманды отама», «жалғыз ағашты кеспе», «бауға балта шаппа», т.б.

Жан-жануарларды аялау, қорғау, мейірімділік көрсету жайы да тыйым сөздерде көптеп кездеседі. «Құмырсқаның илеуін бұзба», «өрмекшіні өлтірме», «аққуды атпа», «құндызды аулама», «ұларды шулатпа», «жаралы аңға оқ атпа», «уяны бұзба», «үйге кірген жыланның да басына ақ құйып шығар», т.б.

Қазақ ұғымында «табиғат» деген ұғым «туған жер» деген сөзбен мағыналас, мазмұндас айтылады. Мысалы: «Туған жерге туынды тік», «Туған жердің топырағы да киелі», «Жері байдың – елі бай», «Қара жер қарыз арқаламайды», «Жер – ана, ел – бала», «Тозған жерде тоқшылық болмайды», «Күте білсең – жер жомарт», «Туған жердің түйе аунайтын топырағы да киелі, түйе жейтін жантағы да киелі»... Осылай кете береді.

Қазақ халқының туған жерге деген ыстық ықыласы мен аялы алақанын, жүрек жылуын сөз өткенде, даламыздың данышпан абызы әрі ақылгөйі Асан қайғы бабамыз асқар таудай алыстан көрінеді. Сондықтан да қазіргі кезде Асан қайғы бабамызды қазақтан шыққан тұңғыш эколог деп мақтан етуімізге болады. Оның Желмаяға мініп алып, Жерұйықты іздеуі, қазақ жерінің әрбір өзен-суына, кең-байтақ даласына берген бағасы осы күнге дейін өз құнын жойған жоқ.

Филология ғылымының докторы, профессор Х.Сүйіншілиев: «Ел аңызының айтуынша, Асан Желмаяға мініп, жер кезіп кетеді. Ақыры, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» Жидебайсынды, «жиегі жаз, суы – бал» жайлы қоныс табады-мыс», – дейді/4/.

Күллі түркі халқының данышпаны саналатын Қорқыт атаның қалдырған мұраларында да «асқар тауларың құламасын, саялы ағаш сынбасын, қанаттарың қырқылмасын» деген ұғымдар - туған жеріңнің табиғатын аялай білңдер деген аталы сөздер!

Шығыс халықтарында имандылықтан келетін үш сауап бар: шөлге құдық қазған, өзенге көпір салған, жолға ағаш еккен. Шөлді жерде құдық қазып, халық шөлін қандырса, малын суарып, айналасына жасыл желек отырғызса – табиғаттың керкі емес пе! Бұл – адамдарды жақсылық істерге жұмылдырудағы өнегелі өсиет.

«Бабалар еккен шынарды балалары саялайды» «Бағбан болсаң – бақ өсір, балама деп тағы өсір», «Әкеңнен мал қалғанша, тал қалсын» деген нақылдарда қаншама ұғым бар!

Сыр бойының жыр сүйлейлерінің бірі Нұртуған Кенжеғұлұлы: «Байлалым басты өлімге, мақпалдай шөбі түрленген атамекен жері үшін!» деп жырлап өткен.

Бекет ата туралы айтылатын аңыз-әңгімеде ұстазының: «Келер жылға жетерлік отын жинап келіңдер», – деген өтінішін орындау кезінде, басқа шәкірттер көбірек отын әкелсе, Бекет ата аздаған құраған ағаш әкеледі. Оның мән-жайын сұраған ұстазына: «Жас ағашқа жаным ашып, кесуге батпадым, сондықтан құрағандарын ғана алдым», – деп жауап берген. Оған әбден разы болған ұстазы Бекет шәкіртіне ақ батасын берген көрінеді.

Қазіргі таңда да ақын-жазушыларымыз табиғат, экология мәселесіне үлкен көңіл бөліп келеді. Мысалы: ақын Қадыр-Мырза Әлі ағамыздың «Заман-ай» экологиялық поэмасының «Табиғат пен тасырлық» тарауында

«Безендіріп құмдағы, //Саздағы аңды, //Жер соқтырды, //Жылатты мез даламды. //Қоғам азған, //Ел азған, // Заман азған.. //Бірақ жер дәл бұлай аздаған-ды! // .Сайқал заман түсті де ер ізіне, //Салды ауызын шалқар мен теңізіме... //Мың бұлақтан қалмады жүз бұлақ та, //Сексен көлден қалмады сегізі де!//Полигондар – құрық та, //Аралдар да! //Өстіп жүріп адамзат арандар ма! //Таба тұрып ақы-адал еңбегіңмен. // Күдікпенен қарайсың тағамдарға!» /5/, – деп қазіргі хал-күйімізді әсем поэзия тілімен әспеттеп бергенінің куәгеріміз.

Қазіргі таңда қай-қайсымызды болсын. планетаның алмағайып халі алаңдата береді. «Соңғы 300 жыл беделіндегі қиялды қамшылайтын адамзаттың ғылыми жетістіктері кісі қылығының даналығы және көрегендігімен үзегілес жүре алмағанына» автордың көңілі құлазиды. Алаңдаушылық білдіреді. Оқырмандарын да сондай халге итермелейді.

Қазақстанда соңғы бес жылда түрлі өндіріс орындары мен өнеркәсіптер саны көбейіп, олар жыл өткен сайын қарқынды дамып келеді. Дегенмен, бұлардың барлығы ауаның ластануына, Қазақстан экологиясының бұзылуына әкеп соғатыны белгілі. Осының салдарынан республика өңірінде жиырма миллиард тоннадан артық қалдықтар пайда болған. оның үштен бір бөлігі токсидті болып табылады. Бұлардың дені – қара металлургия, мұнай химиясы, құрылыс материалдарын шығаратын өнеркәсіп орындарынан шыққан қалдықтар. Өз кезегінде мұндай алып кәсіпорындар мемлекеттік тапсырма бойынша арнайы жобаларды қолға алғанымен, Қазақстан экологиясы әлі де жақсы нәтижелерді күтуде.

Жалпы, бүгінде еліміздің он бес бірдей қаласының атмосфералық ауасы ерекше ластанған. Олардың қатарында, Алматы, Шымкент, Ақтау, Теміртау, Тараз, Петропавл және Зырян сынды ірі қалалар бар. Ауаны ластаушы негізгі заттар: шаң, азот диоксидтері, көмірқышқылдар, фенол, қорғасын, аммиак, т.б. Ал, бұл зиянды қоспалардың барлығы да адам денсаулығына кері әсер ететіні тағы бар. Мәселен, шаңның салдарынан адамның тыныс жолдарына, бүйрек пен қанның айналымына да зиян келеді. Ал, Ақтау, Атырау, Жезқазған, Семей және Өскемен сынды қалалар Қазақстанның ең шаң аймақтары болып саналады. Жүйке жүйесінің бұзылуын дәрігерлер ауа құрамындағы көмірқышқылдың көптігінде деп айтып жүр. Ал, адамның бас ауруы, есте сақтау қабілетінің нашарлауы, ұйқының бұзылуына әкеліп соғады. Көмірқышқыл газының ерекше көптігі

Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай, Петропавл және Семей мен Павлодар қалаларында жиі байқалады. Егер ауа құрамында бірнеше зиянды зат болса, бұл екі есе кері әсерін тигізеді сөзсіз. Ондай аймақта тұратын адамдардың иммундық жүйесі нашарлап, көбіне онкологиялық ауруларға ұшырайды.

Қазақстан экологиясы – өзектілігін жоймайтын күрделі мәселелердің бірі. Бүгінде бұл мәселеге еліміздің тұрғындары ғана емес, күллі әлемнің жұртшылығы оның шешілу жолдарына атсалысып, назарларын аударып отыр. Ал, отандық бұқаралық ақпарат құралдары экология тақырыбын қаншалықты қозғап жүр? Ол жарияланымдар халыққа жетіп жүр ме? Ауаны ластанудан қалай сақтау керек және оның қандай жолдары бар деген сұрақтарға жауап бере алып жүр ме? Осы мәселеге тоқталайық.

Бүгінде ең жылдам әрі тиімді ақпарат түрлерінің бірі – ғаламдық тор арқылы оқырман кез-келген ақпарат алуға құштар. Ақпарат агенттіктері өзге тақырыптарды қозғағандай экология мәселесін де жиі көтеріп жүр.

«Жазиралы жеріңнің емес, көгілдір суыңның қанша екендігін айт» деген Шығыс мәтелі бүгін де өз маңызын жойған жоқ. Су мәселесі экологиялық маңызынан бөлек халықаралық қатынасты қалыптастырушы, тіпті кез келген табиғи ресурс ретінде тауарға айналып, сауда нысаны бола алатындығына көзіміз жетіп отыр. Алайда, еліміздегі судың жағдайы көңіл құлазытады. Одан басқа Қазақстан жағдайында экологиялық бірнеше мәселелерді топтастырып көрсетуге болады. Олар: су

экологиялық мәселе, шөлейттену мәселесі, қоршаған ортаның ластануы, генофондты сақтау мәселесі, әскери қызметтің экологиялық мәселелері, табиғи ресурстарды рационалды пайдалану мәселелері, т.б. Осы аталғандардың ішінде Арал мәселесі өзектілігі артқан күрделі күйде екендігі баршамызға аян. Арал теңізінің тартылуы ауаға зиянды заттар бөлетін негізгі аймақ болып отыр. Бұл зиянды бөлшектер оңтүстіктен батысқа үстірт арқылы Каспийге түсіп жатыр. Нәтижесінде тұзды тозаң қабаттар пайда болып, биікке әрі алыс аймақтарға тарауда. Аралдың суы күннен-күнге тартылып барады дегеніміз ұлы тұздар бұрынғысынан да толығырақ түседі дегенді білдіреді.

1. Человек и мир. Казахская национальная идея. Алматы, 1994, с.5

2. Біздің дауысымыз бүкіл әлемге естіледі. «XX ғасыр ядролық қарудан тазарған дүниені қалайды» атты халықаралық конференцияның есебі.// Егемен Қазақстан. 2001, 30 тамыз

3. Қазақтың өстерінен кетпей жүрген бір сөз// «Дала уалаяты» газеті. Әдеби нұсқалар. 1888-1894. Құрастырушы Ү.Суханбердина. – Алматы: Ғылым, 1989. 392-401- беттер

4. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1997. 253-бет

5. Мырзалиев Қ. Заман-ай// Жалын 1991, №3. 11-бет.

«Past Simple Tense»

Сабақтың типі: Аралас.

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Past Simple Tense конструкциясының сөйлемде қолданылу ретін үйрету.

Дамытушылық: Білім алушылардың ой-өрісін, жана тақырып арқылы ауызша және жазбаша дағдыларын дамыту.

Тәрбиелілік: Жаңа тақырып арқылы грамматикаға қызығушылықты арттыру, ағылшын тіліне деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу, өздігінен жұмыс істеуге талпындыру.

Көрнекілігі: плакат, карточка, қағаз түріндегі түсініктеме жазбалары.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі – 3 минут:

2. Өткен сабақтарға шолу жасау Тапсырмалар арқылы өткен сабақты қайталау. Жауаптарды плакатқа жазу арқылы білімін тексеру:

Present Simple Tense жасалу жолы;

Көмекші етістіктер;

(Auxiliary verbs)

Сұраулы сөйлемдер;

(Questions)

Болымсыз түрі;

(Negative)

Бұйрық рай.

(Imperative)

Тапсырмаларды орындау

1. He plays/play sport every weekend.
2. She goes/ go to school at 8 a.m.
3. We don't/doesn't meet friends every weekend.
4. They don't work/not work at weekends.
5. My father don't/ doesn't have lunch at work/
6. I doesn't/ don't drink tea.

1. I ___ (clean) my bedroom every week.
2. My friend and I ___ (not go) to school at weekends.
3. You ___ (not get up) early at weekends.
4. They ___ (do) the high jump.
5. Our cat ___ (not sleep) in the house.
6. You ___ (write) interesting letters.
7. I ___ (not make) breakfast.

Write out the verbs in Present Simple Tense.

My name is Tony and I'm thirteen. I live in Australia. Our farm is very far from the Town of Alice Springs. I get up at 7 o'clock. I have breakfast with my mother. My father doesn't eat with us - he works on our farm.

I don't go out to school. From Mondays to Fridays I study at home. Every week I have three radio lessons from a school in Alice Springs. I don't have teacher at home, but I study at 8 o'clock until 2 o'clock every school day. I use my



Ажар ЕРКЕБАЕВА,
Алматы индустриалды колледжінің
ағылшын тілі пәнінің оқытушысы.

computer and I ask my teacher questions in e-mails.

I don't study in the afternoon, or on Saturdays or Sundays. After my lessons, I phone my friends. I play computer games. In the evening, we eat at 7 o'clock. We watch TV for an hour. We go to bed at 9 o'clock-we get up early every day.

My name is Gary. I _____ (live) in New-York. My weekends are great! I _____ (not go) to school and I _____ (get up) late - at about 10 o'clock. I _____ (watch) TV with my sister in the morning. At two o'clock, we _____ (have) lunch in a restaurant with my mum and dad. My parents _____ (do) the shopping, but me sister and I _____ (not go) with them. We _____ (meet) our friends at an Internet café in the centre.

3. Жаңа тақырып

1. Карточкалар арқылы білім алушылардың өздігінен жұмыс істеуі, плакаттағы сызбалар арқылы мазмұнын жеткізуі, бір-біріне түсіндіруі.

Past Simple Tense өткен шақта болған істі білдіреді. Көмекші сөздер: last day, (week, weekend, month, year), yesterday (morning, evening), the day before yesterday.

Past Simple Tense жасалу жолы: есімдікке немесе зат есімге 2-формалағы етістіктің қосылуы арқылы жасалады.

Мысалы:

I worked yesterday. Мен кеше жұмыс істедім.

You worked yesterday. Сен кеше жұмыс істедің.

He worked yesterday. Ол кеше жұмыс істеді.

She worked yesterday. Ол кеше жұмыс істеді.

We worked yesterday. Біз кеше жұмыс істедік. You worked yesterday. Сендер кеше жұмыс істедіңдер. They worked yesterday. Олар кеше жұмыс істеді.

Көмекші етістік: did.

Бұл етістік сұрақ қойылған кезде қолданылады. Бұл кезде көмекші етістік I-орында тұрады.

Мысалы:

Did I study at college?
 Did you study at college?
 Did he study at college?
 Did she study at college?
 Did we study at college?
 Did you study at college?
 Did they study at college?

Болымсыз түрі

(Negative)

Didn't

Past Simple Tense болымсыз түрі етістіктің алдына көмекші етістіктің (Didn't) қосылуы арқылы жасалады.

Мысалы:

I didn't get up at 6 o'clock yesterday morning.
 You didn't get up at 6 o'clock yesterday morning.
 He didn't get up at 6 o'clock yesterday morning.
 She didn't get up at 6 o'clock yesterday morning.
 We didn't get up at 6 o'clock yesterday morning.
 You didn't get up at 6 o'clock yesterday morning.
 They didn't get up at 6 o'clock yesterday morning.

Regular/Irregular verbs

Ағылшын тілінде етістіктің 2 түрі бар: дұрыс (Regular) және дұрыс емес (Irregular) етістіктер. Дұрыс етістіктерге өткен шақта -ed қосымшасы жалғанады да, дұрыс емес етістіктердің түрленуі әр түрлі. Мысалы:

Дұрыс етістіктер	дұрыс емес етістіктер
Work - worked	be - was/were
ask - asked	have - had
play - played	leave - left
rain - rained	go - went
watch - watched	give - gave
cook - cooked	fall off - fell off
look - looked	wake up - woke up
arrive - arrived	hit - hit

1) Past Simple Tense өткен шақта болған істі білдіреді. Көмекші сөздер: last day, (week, weekend, month, year), yesterday (morning, evening), the day before yesterday.

2) Past Simple Tense жасалу жолы: есімдікке немесе зат есімге 2-формадағы етістіктің қосылуы арқылы жасалады.

Мысалы:

I worked yesterday. Мен кеше жұмыс істедім.
 You worked yesterday. Сен кеше жұмыс істедің.
 He worked yesterday. Ол кеше жұмыс істеді.
 She worked yesterday. Ол кеше жұмыс істеді.
 We worked yesterday. Біз кеше жұмыс істедік. You worked yesterday. Сендер кеше жұмыс істедіңдер.
 They worked yesterday. Олар кеше жұмыс істеді.

3) Көмекші етістік: did.

Бұл етістік сұрақ қойылған кезде қолданады. Бұл кезде көмекші етістік I-орында тұрады.

Мысалы:

Did I study at college?
 Did you study at college?
 Did he study at college?
 Did she study at college?
 Did we study at college?
 Did you study at college?
 Did they study at college?

4) Болымсыз түрі

(Negative)

Didn't

Past Simple Tense болымсыз түрі етістіктің алдына көмекші етістіктің (Didn't) қосылуы арқылы жасалады.

Мысалы:

I didn't get up at 6 o'clock yesterday morning.
 You didn't get up at 6 o'clock yesterday morning.
 He didn't get up at 6 o'clock yesterday morning.
 She didn't get up at 6 o'clock yesterday morning.
 We didn't get up at 6 o'clock yesterday morning.
 You didn't get up at 6 o'clock yesterday morning.
 They didn't get up at 6 o'clock yesterday morning.

Regular/Irregular verbs

Ағылшын тілінде етістіктің 2 түрі бар: дұрыс (Regular) және дұрыс емес (Irregular) етістіктер. Дұрыс етістіктерге өткен шақта -ed қосымшасы жалғанады да, дұрыс емес етістіктердің түрленуі әртүрлі. Мысалы:

Дұрыс етістіктер
 Дұрыс емес етістіктер

work worked
 ask asked
 play played
 rain rained
 watch watched
 cook cooked
 look looked
 arrive arrived
 be was/were
 have had
 leave left
 go went
 give gave
 fall off fell off
 wake up woke up
 hit hit

Complete the sentences with the words in the box

ask, play, rain, watch, cook, arrive.

1. The teacherus some difficult questions.
2. Wea great video last night.
3. Shelate for the party.
4. The weather was very bad yesterday. It ...all day.

5. You tennis very well.
6. Idinner for my parents.

Complete the text with the verbs in brackets.

Last Saturday was a bad day. I wanted to play football, but it (1) rained (rain). I (2) (stay) at home and (3).... (watch) my favourite basketball team on TV. They weren't very good!

In the evening, there was an accident near our house with a car driver and a girl on a bicycle. The driver (4) (stop) and my mum (5)(phone) for an ambulance. The ambulance (6) (arrive) in five minutes and then the police (7)(arrive), too. The police (8) (ask) the driver some questions. The girl (9).... (stay) in hospital for three days but she's OK now. Her bicycle helmet (10).... (save) her.

Write sentences in the Past Simple.

1. I /have lunch/ at one o'clock.
I had lunch at one o'clock.
2. we/ leave school/ at four thirty.
3. my parents /go /to town /by taxi.
4. she /see /her friends /last night/
5. my mother /take /my friend/home.
6. the doctor /give /me some medicine.
7. my brother / fall off/ his bicycle

Complete the text with the verbs in brackets.

Yesterday was Friday and my friend, Gina, (1) stayed (stay) the night at our house. After dinner, we were in my bedroom. I (2) ____ (have) some new posters and Gina (3) ____ (ask), "Why aren't they on the walls?" Gina (4) ____ (get up) on the chair and (5) ____ (put) one poster on the wall. Then she (6) ____ (turn) and (7) ____ (fall off) the chair. She (8) ____ (hit) her head on the cupboard. My parents were out and I was very worried. I (9) ____ (phone)

the ambulance and Gina's parents. They all (10) ____ (arrive) in five minutes. The ambulance (11) ____ (go), too. Gina (13) ____ (wake up) in hospital and she was very surprised. The nurses (14) ____ (give) her some medicine. I (15) ____ (see) her this morning and she wasn't angry with me. I'm very lucky!

Write out the verbs in the Past Simple Tense

I saw an accident in town yesterday. There was a woman in the street near the zebra crossing. My mum stopped our car at the zebra crossing and then the woman walked into the road. There was a motorcyclist but he didn't see the woman and he didn't stop. I shouted "Watch out". The motorcyclist hit the woman and then he fell off his motorbike. I had my mobile phone and I called for an ambulance. The motorcyclist got up and my mum asked, "Are you OK?" The woman didn't get up- she was unconscious and the motorcyclist was worried. The ambulance arrived in five minutes and then the police arrived, too. The ambulance driver took the woman to hospital. The police asked the motorcyclist, my mum and me some questions.

4. Үй тапсырмасын беру

1) Make up the sentences in the Past Simple Tense:

5-Affirmative sentences;

5-Negative sentences;

5- Questions;

1) Learn by heart Irregular Verbs.

5. Бағалау

Плакаттағы грамматикалық тапсырмаларды, жаттығулар орындау, карточка бойынша жұмыс істеу,мысалдарды. сызбаларды, кестелерді түсіндіре алу.

6. Сабакты қорытындылау.

Windows – 95

Специальность: «Вычислительная техника и программное обеспечение»

Тема: Windows 95

Цели: 1. Расширение кругозора обучающихся, углубление знаний по программе Windows – 95;

2. Обогащение словарного запаса, формирование навыков связной речи;

3. Привитие любви к будущей профессии.

Тип урока: комбинированный.

Методы и формы организации урока: вопросы-ответы, словарная работа, беседа, дебаты.



Акмарал КАМАЛАДИНОВА,
преподаватель английского языка
Алматинского индустриального колледжа.

Оборудования: магнитофон, проектор, плакат, карточки.

I. Org. moment: Greeting.

T: Good morning! I'm glad to see you!

T: What kind of season do you know?

S1: There are 4 seasons. Such as winter, spring, summer autumn.

T: Which of them is now outside?

S2: Winter is.

II. Brainstorming.

- Look at the poster:

(Using the poster)

Computer

- What is your association in this phase?

- Only word combinations!

- Make a diagram, first complete yourself and discuss in pairs.

S1: May I? N: Yes you may.

S1: electronic communication. S2: computer network

S3: color printer S4: With a click of a mouse.

S5: Computer accessories. Etc...

III. Checking up.

- Let's check up your home task!

- What was your homework?

S: Our home work was the text "Modern computer technology. Operating system", the new words and Ex 9.3

- Who wants? Etc

1. S1: retell about operating system in general

S2: about DOS

S3: Windows NT

S4: OS| 2

S5: UNIX

S: Windows 95& 98(Windows 2000)

4. What about the new words?

E.g.: complex-сложный

Smart-умный

To enhance –расширять

Access – доступ Etc...

1. Let's check up Ex 9.3 p 250 (in a written form)

Translate into English:

E.g.: Современная операционные системы контролируют использование системного оборудования , например, принтера и мыши.

4. The next, Look at the project

(Using the poster)

- Who wants to go to the blackboard and describe the picture?

S1: In this picture I can see a mouse, printer, keyboard, etc...

IV. New theme.

So we have a new theme, we are going to continue our theme Modern computer technology we'll speak about

"Windows 95"

1. New words

Vocabulary:

to interact – взаимодействовать

to accomplish – выполнять, достигать

weapon – оружие

to replace – замещать

Recycle Bin – корзина

to crash – ломаться, давать сбой

to remove – удалять

co-workers – коллеги, сослуживцы

rarely – редко

to plug – подключать

frequently – часто

support – поддержка

necessity – необходимость

flash – вспышка, зд.in a flash - моментально

to give smth. a thought – подумать о чем-либо

brand-name – торговая марка

calm – спокойный

shortcut – кратчайший путь

to sacrifice – жертвовать

advancement – прогресс, продвижение

a) Teacher's reading

b) Reading and repeating

c) Student's reading

d) Complete the sentences with the new words.

e) Etc...

4. The text "Windows 95"

(Using the tape- recorder)

a) Listening to the tape

b) Reading and translating

c) Doing exercises (Which of sentences true or false,

Answer the following questions, Translate from Russian

into English Etc...)

V. Doing Ex-s

Answer the following questions.

(orally)

1) What is Windows 95?

2) What new principles are used in Windows 95?

3) What is a Recycle Bin feature?

4) What problems has Windows 95 solved?

5)Is it possible to run old DOS programs under Windows 95?

6) What is a "plug-n-play" capability?

7)What is a "shortcut" capability?

8)What is a "Find" feature?

9)Why many things work faster now with Windows 95?

Ex 9.4p 253(orally)

Which of the listed above statements are true or false. Specify your answer using the text.

1) An "icon" is graphical image that represents file and

its type.

2) Second button is not used in Windows 95 because most people use 1-button mouse.

3) There are no similarities between Macintosh and Windows 95 desktop tools.

Etc...10).

Exercise 9.5.

Find the equivalents in the text:

1) Ваш компьютер, вероятно, будет давать меньше сбоев с Windows – 95, чем с более ранними версиями и даже ДОС.

2) Корпорация Майкрософт заявляет, что она делает все для того, чтобы приблизить время, когда мы все будем думать больше о наших данных, чем о конкретных «фирменных» программах, которые используются для создания этих данных.

3) Новая функция поиска позволяет обнаружить местоположение и исследовать содержимое файла в мгновение ока.

4) Большинство этих функций достигнуто в ущерб производительности.

5) ДОС, каким мы его знаем, так хорошо спрятан, что вы редко думаете о его использовании.

6) В Windows 95 существует инструмент Корзина, который позволяет легко восстанавливать случайно удаленные файлы.

7) Инструменты Рабочего стола очень схожи с инструментами Макинтоша.

8) Вторая кнопка мыши стала мощным оружием.

So, as you are programmer, we are going to speak about advantage and disadvantage of a computer.

Let's divide into two groups; the first group you'll talk about the advantages and the second group are about disadvantages of computers.

VII. New phrases

Which computer can I use? – Каким компьютером я могу воспользоваться?

Do you know his e-mail address? – Ты знаешь его электронный адрес?

Is this computer linked up to the internet? – Этот компьютер подсоединен к Интернету?

The printer is out of order. – Что-то с принтером.

Can she operate a computer? – Она умеет работать на компьютере?

Have you ever used this program? – Ты когда нибудь работал с этой программой?

Мақал-мәтелдер, жұмбақтар

Сабақтың мақсаты:

1. Мақал-мәтелдер – сөз атасы, жұмбақтар – шеберлік үлгісі екенін түсіндіру.

Мақал-мәтелдер қазақтың қысқа әрі нұсқа даналығы, өмірден түйген қорытындысы, тұрмыс айнасы екеніне көздерін жеткізу, орынды пайдалана білуге үйрету. Жұмбақтар шеберлік үлгісі екенін таныту.

2. Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

3. Мақал-мәтелдер арқылы оқушылардың қазақ халқының мәдениеті, тарихы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі туралы білімін арттыру.

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап

Сабақтың түрі: қалыпсыз (ойын) сабақ.

Керекті көрнекіліктер: мақалдар, жұмбақтар жазылған плакаттар, жеке суреттер.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Сұрақ - жауап.

- Халық ауыз әдебиетіне не жатады?

Мира БҰҚІАНОВА,

№ 104 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

- Мақал-мәтелдердің айырмашылығы неде?

- Мақал-мәтелдердің тақырыбы қандай?

- Жұмбақтың өзіндік ерекшелігі неде?

III. Жаңа сабақ.

1. Әңгімелеу.

Мақал-мәтелдер жай сөз емес, ол – сөз атасы, сөз көркі, терең сөздің тобықтай түйіні, қысқа да болса нұсқа сөз. Онда басы артық бір сөз болмайды. Барлығы өз орнында. Онда халық тарихы, оның әлеуметтік тіршілігі мол көрініс тапқан. Халық мақалы мен мәтелдері, біріншіден, баға жетпес тәрбие құралы болса, екіншіден, адамның сөз байлығын арттырады, терең де, шешен сөйлеуге, дос пен қасты, жақсы мен жаманды

ажыратуға үйретеді.

Жұмбақтар халық ауыз әдебиетінің бір түріне жатады. Жұмбақ айту және оны шешу адамды жинақылыққа, тапқырлыққа жетелейді. Ойын-тойларда жұмбақ жасырып, көңіл көтереді.

2. Ойын «1001 мақал, 101 жұмбақ».

а) Мақал айтудан сайыс (3 оқушы).

Ойынның шарты: Берілген мақалдың алғашқы сынары айтылып, екінші сынарын ойынға қатысушылар айтады.

1. Жаксы өз басынан көреді – Жаман жолдасынан көрелі.

2. Еңбектің наны тәтті – Жалқаудың жаны тәтті.

3. Туған жердей – жер болмас, Туған елдей – ел болмас.

4. Оқу – білім бұлағы, Білім – оқу шырағы.

5. Бір кісі қазған құдықтан – мың кісі су ішеді.

6. Бір тал кессен, он тал ек.

7. Еңбексіз өмір жоқ, ауырсыз жеңіл жоқ

8. Күш – білімде, Білім – кітапта

9. Білім арзан, білу қымбат

10. Бой красен мужеством, а товарищ - дружеством

11. Красна птица пением, а человек умением

12. Без брата проживешь, а без соседа не прожить

13. Its never late to learn (итс невер лэйт, ту лен)

Никогда не поздно учиться.

14. A tree is known by its fruit (этри из ноун, бай ите фрут) Дерево познается по плодам.

15. A friend in need is a friend indeed (эфренд ин нид, из э френд индид) Друзья познаются в беде.

э) **Көрермендермен ойын.**

1. Көп оқыған білмейді - Көп шоқыған біледі.

2. Батыр туса ел ырысы - Жанбыр жауса жер ырысы.

3. Дос жылатып айтады - Дұшпан күлдіріп айтады.

б) **Жұмбақтар сайысы.**

1. Алдына келесін - Өзіңді көресің. (айна)

2. Таңмен көзін ашады - Әлемге нұрын шашады. (күн).

3. Шыр-шыр етеді, құлағыңнан өтеді. Ұстай алсан, сөйлеп кетеді. (телефон)

4. Суға батпайды, отқа жанбайды. (мұз)

5. Түнде бармын, күндіз жоқпын. (жұлдыз)

6. Тілі жоқ өзінде, сөзі бар ізінде. (калам)

7. Отыз екі батыр, екіге бөлініп камалып жатыр. (тіс)

8. Үйден - ең соңынан шығатын не?

Үйге - ең алдымен бас тығатын не? (кілт)

9. Адамға серік, күзетке берік. (ит)

10. Бір бұтақта - бес тармақ,

Берінде бар мүйіз қалпақ. (саусак)

11. Үш көзді батыр

Жолды алдып жатыр. (бағдаршам)

12. Жекке өзін жей алмайсың,

Онсыз асты да аузына салмайсың. (түз)

13. Қыс бойы жатады,

Тәтті ұйқыға батады. (аю)

14. Накормишь - живет, Напоишь - умрет. (огонь)

15. Одной ручкой - всех встречает,

Другой ручкой - всех провожает. (дверь)

в) **Көрермендермен ойын.**

1. Колы бар, саусағы жоқ

Мойны бар, басы жоқ. (көйлек)

2. Мінсем - төменге зу етем, Өрлесем - оны өзім сүйретем. (шана)

3. Ілулі түр кен алаң,

Керегімді мен одан,

Жазып алам көшіріп,

Сүртем сосын өшіріп. (тақта)

г) **Сонғы кезең.**

Мына берілген мақалды аяқтап, оны орыс тілінде қалай түсінгеніңді айт. Оқусыз білім жоқ.

Жұмбақтың шешуін табу, сөйлем құрастыру

Білім дәнін тереді,

Балаға тәлім береді. (-----)

Сайысты қорытындылап, қайсысы өнерлі, тапқыр, білікті скендігін анықтап, жеңімпаз оқушыға сыйлық сыйлау.

д) дәптермен жұмыс - тактада жазылған мақал мен жұмбақты дәптерлеріне көшіру.

IV. Кітап көрмесімен таныстыру.

- Көп мақал мен жұмбақтарды білу үшін, көп оқу керек. Білімді тек сабақта емес, тағы қосымша іздену керек. Біздің кітапханада көп кітаптар бар. (оқушыларды кітап көрмесімен таныстыру).

V. Сабақты бекіту

- Бүгінгі сабақта халық ауыз әдебиетінің қандай түрлерімен таныстық?

- Мақалдар неге үйретеді?

- Қандай мақалдарды білесіңдер?

- Жұмбақтарды қай кезде айтуға болады?

- Қандай жұмбақтар білесіңдер?

VI. Үйге тапсырма беру

3 мақал, 3 жұмбақ жазу, жақтау.

VII. Оқушыларды бағалау.

Сабаққа белсенді қатысқан оқушыларды бағалау.

Пайдаланылған әдебиет:

«Мақал - мәтел» жинағы.




**Подпишитесь
на издания
ТОО «БІЛІМ»
и «СӘТНАЗ»!**

СМОТРИТЕ НА МИР ШИРЕ!

Индекс

7 5 5 6 6



ҚАЗАҚ ^{және} ӘЛЕМ
ӘДЕБИЕТІ
КАЗАХСКАЯ ^и МИРОВАЯ
ЛИТЕРАТУРА

При оформлении обложки
использованы иллюстрации
к роману И. Есенберлина «Кочевники»
издания Фонда Есенберлина

05